

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Министерство просвещения Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**Білім берудің барлық деңгейлерінде (балабақша-мектеп-колледж-
ЖОО) сабақтастық және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру
бойынша әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации по реализации принципов
преемственности и инклюзивности на всех уровнях образования
(детский сад-школа-колледж-вуз)**

**Астана
2024**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 19 наурыздағы №1 хаттама)

Рекомендовано к изданию Научно-методическим советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №1 от 19 марта 2024 года)

Білім берудің барлық деңгейлерінде (балабақша-мектеп-колледж-ЖОО) сабақтастық және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 192 б.

Методические рекомендации по реализации принципов преемственности и инклюзивности на всех уровнях образования (детский сад-школа-колледж-вуз) – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2024. – 192 с.

Бұл әдістемелік құралда педагогтерге білім берудің барлық деңгейлерінде (балабақша-мектеп-колледж-ЖОО) сабақтастық және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар беріледі.

Әдістемелік ұсынымдар педагогтерге, мектептердің әкімшілігі мен әдістемелік кабинеттер өкілдеріне, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына әрбір баланың жеке мүмкіншіліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, үздіксіз сапалы білімге құқығын қамтамасыз етуде пәрменді көмек көрсетуге арналған.

В данном методическом пособии предлагаются рекомендации по реализации педагогами принципов преемственности и инклюзивности на всех уровнях образования (детский сад-школа-колледж-вуз).

Методические рекомендации должны оказать действенную помощь педагогам, представителям администрации школ, методических кабинетов, специалистам управлений и отделов образования в обеспечении права каждого ребенка на непрерывное качественное образование, с учётом индивидуальных возможностей и особых образовательных потребностей.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2024
Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2024

Кіріспе

2023 жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген, адамға орталықтандырылған даму моделіне негізделген ел дамуының жаңа әлеуметтік-экономикалық бағыты, ең алдымен, ел экономикасын дамыту есебінен азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Қазақстан жастары ел халқының үштен бірінен астамын құрайтынын ескерсек, жаңа стратегиялық курста оны дамытуға басымдық берілген. Осыған байланысты Қазақстанның қолданыстағы мемлекеттік саясатын дамытудың басым бағыттары ерте жастан бастап үйлесімді дамып келе жатқан тұлғаны қалыптастыру, жайлы және қауіпсіз орта құру, барлық балаларға бірдей сапалы білім беру болып табылады.

2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың мүдделері мен қажеттіліктеріне, сондай-ақ инклюзивтілік, әділдік және прагматизм қағидаттарына негізделген жаңа экономикалық бағыт құру міндетін қойды [1]. Мемлекет басшысы ел халқының үштен бірін құрайтын қазақстандық жастардың осы бағытты құрудағы рөлін атап өтті, оны дамытудың басым бағыттары айқындалды. Президент белгілеген елді дамыту траекториясына сәйкес білім алушыларды сапалы білімге тең қолжетімділікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ қауіпсіз және бақытты балалық шақ үшін жағдай жасау бойынша міндеттер қойылды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрін пайдаланғаны үшін жазаны қатайту, инфрақұрылымды жақсарту, балаларды тамақтандыру сапасын жақсарту және әлеуметтік қолдау шараларын қабылдаумен қатар, Мемлекет басшысы бірқатар тапсырмалар бергенін атап өткен жөн. Балалардың психикалық денсаулығын сақтау, қорлау, зорлық-зомбылық сияқты мінез-құлықтың асоциалды нысандарын болдырмау үшін психологиялық қолдау қызметінің қызметін институционалды түрде күшейту шараларын атап өтті. Сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, интернет жылдамдығын арттыруға және цифрлық білім беру ресурстарына тегін қолжетімділікті қамтамасыз етуге баса назар аударды. Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің негізгі міндеті, Президент атап өткендей, қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес білікті кадрларды даярлау болып табылады [1].

Президент қойған міндеттерді іске асыру үшін елде қажетті жағдайлар жасалған: қажетті инклюзивті саясат қалыптастырылған, инклюзивті тәжірибе даму үстінде және инклюзивті мәдениет қалыптасуда. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда балалардың құқықтарын, оның ішінде балалардың тең сапалы білім алу құқықтарын іске асыру және қорғау жөніндегі халықаралық құжаттарды ратификациялады. 1994 жылы Қазақстан ратификациялаған алғашқы құжаттың бірі – БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, қатысушы елдердің барлық азаматтарының құқықтарын, соның ішінде баланың қолжетімді білім алу

құқығын, кез келген кемсітусіз құрметтеу және қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін реттейді [2].

Қазақстанның барлық балаларға бірдей сапалы білім беруді қамтамасыз ету бойынша қабылдаған халықаралық міндеттемелерінен басқа, елімізде балалардың құқықтарын қорғау бойынша елуден астам құжаттар әзірленді. Олардың ішінде инклюзивті білім беруді – «ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процессті» [3] дамыту саласындағы стратегиялық құжаттар, заңнамалық және заңға тәуелді актілер бар.

2029 жылға дейін білім беруді дамытуды регламенттейтін негізгі стратегиялық құжаттардың бірі «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (бұдан әрі – 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама) [4]. Тұжырымдаманың басым бағыты – «жүйелі деңгейде білім беру сапасын қамтамасыз ету». Аталған бағытты іске асыру үшін 2026 жылға қарай барлық мектепке дейінгі ұйымдарда, орта білім беру ұйымдарында, ТЖКБ ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау жоспарланғанын атап өту маңызды [4]. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының әкімшілігі, педагог мамандары алдында әрбір баланың барлық деңгейлерде (мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім) сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған инклюзивті құзыреттерді меңгеру бойынша аса маңызды міндет қойылады.

Осы әдістемелік ұсынымның бірінші бөлімінде білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін инклюзивті процесті психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориялық және әдіснамалық негіздері келтіріледі.

Екінші бөлімде Қазақстанның үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәжірибесін қоса алғанда, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды үздіксіз педагогикалық қолдау моделін іске асырудың халықаралық тәжірибесі қаралды.

Үшінші бөлімде педагогтердің әдебиеттерді шолу және халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде әзірленген білім берудің барлық деңгейлерінде (балабақша-мектеп-колледж-ЖОО) сабақтастық және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру жөніндегі ұсынымдар жинағы келтірілген.

Әдістемелік ұсынымдар мұғалімдерге, мектеп әкімшілігінің, әдістемелік кабинеттердің өкілдеріне, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына әрбір баланың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, үздіксіз сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуде тиімді көмек көрсетеді.

1 Білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін инклюзивті процесті психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориялық-әдіснамалық негіздері

2026 жылға қарай әр баланың барлық деңгейлерде (мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім) сапалы білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасауға мемлекет алға қойған міндет [4] білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогтерінен инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарды білуді және қолдануды, сондай-ақ инклюзивті процесті психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгеруді талап етеді.

Білім берудің барлық деңгейлерінде осы процесті іске асыруға бағытталған негізгі қағидаттар 2023 - 2029 жылдарға арналған Тұжырымдамада көрсетілген:

- барлық білім алушылар сапалы білім алуға теңдей құқылы;
- зияткерлік дамуды, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білім берудің қолжетімділігі;
- адамның құқығы мен еркіндігін құрметтеу;
- білім беру процесінің үздіксіздігі деңгейлердің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Білім беру үдерісінде барлық қатысушылардың осы қағидаттарды сақтауы, сондай-ақ педагогтердің халықаралық құжаттарды және қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарды орындауы барлық балалардың сапалы білімге теңдей қол жеткізуінде конституциялық құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Айта кету керек, соңғы бес жылда мемлекеттің белсенді қатысуының арқасында инклюзивті саясат жетілдірілу үстінде. Мәселен, 2021 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 56-VII ҚР заңын қабылдауымен [5] еліміздің келесі заңдарына: «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Білім туралы» ҚР Заңдарына білім алу және басқа да арнайы әлеуметтік көмек алу үшін жағдайларды жақсартуға бағытталған бірқатар елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Мысалы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың (балалардың) анықтамасы кеңейтіліп, мынадай ұғымдар енгізілді: білім алудың ерекше шарттары, ерекше білім беру

қажеттіліктерін бағалау, психологиялық-педагогикалық қолдау. Білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру, ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды (балаларды) дамытудың жеке бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, білім алу үшін ерекше жағдайлар жасау бойынша құзыреттері кеңейтілді [3]. «Білім алудың ерекше шарттарына» «білім беру, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту оқу бағдарламалары мен әдістерін, техникалық, тәрбиелік және басқа да құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуді, медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтерді қамтитын шарттар» жатады. Онсыз ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес» [3]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бұзғаны немесе білім алу үшін арнайы жағдайлар жасалмағаны үшін білім беру ұйымдары басшылары жауапкершілік алатынын атап өткен жөн [3].

Психологиялық-педагогикалық қолдау білім алудың ерекше шарттарының бірі болып табылатынын ескере отырып, бұл тарауда инклюзивті үдерісті психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің теориялық және әдістемелік негіздері, оның ішінде елдің инклюзивті саясатының даму тарихына сипаттама берілген. Сондай-ақ үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың заманауи тәсілдері (концептуалды тәсілдер, принциптер, әдістер мен технологиялар) туралы айтылады.

1.1. Инклюзивті саясаттың даму тарихы

Инклюзивті білім беру саласындағы қазақстандық зерттеушілер бастапқыда ерекше білім беруді қажет ететін медициналық моделі негізінде қалыптасқан елдің инклюзивті саясатының қалыптасуындағы негізгі кезеңдерін сипаттады [6]. Медициналық модель, зерттеуші Флориан атап өткендей, баланың денсаулығындағы мәселелер немесе дамуындағы кемшіліктер мен ақауларды түзету призмасы арқылы қарастырумен сипатталады [7]. Бұл модель Қазақстанда және посткеңестік кеңістіктің басқа елдерінде дефектология ғылымының мұрасы негізінде «кеңестік дефектологияның атасы» Л.В. Выготскийдің «ақаудың» алғашқы және екіншілік табиғаты туралы теориясына сүйене отырып жасалған [8]. Қазақстанда дефектологияның дамуы мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеуге ерекше жағдай жасау бойынша жүйелі жұмысты құруға мүмкіндік берді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне қосудың алғашқы әрекеттерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2009 жылы жасады [9]. Дамуында қиындықтары бар балалардың интеграцияланған (инклюзивті) білім беру ұйымдарының ұсынымдарына сәйкес

ерекше білім беруді қажет ететін балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы негізінде интеграцияланған оқыту сыныптарында не жалпы білім беретін мектептердің арнайы (түзету) сыныптарында оқуға құқылы болды [9]. Оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдарының басшылары мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау бойынша дайындық жұмысын жүргізуге тиіс болды. Бұл жұмыс мыналарды қамтыды:

1) мектепте физикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету (лифтілер, пандустар, тірек-қимыл аппараты функциялары зақымдалған балаларға арналған арнайы жиһаз);

2) оқу-тәрбие және түзету-дамыту процесін жүзеге асыру үшін арнайы техникалық құралдармен қамтамасыз ету (есту, көру, сөйлеу қабілеті зақымдалған балалар үшін);

3) коррекциялық-педагогикалық қолдау көрсететін педагог кадрларды (мұғалім-дефектолог, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, логопед) таңдап алу және жұмысқа қабылдау;

4) ерекше білім беруді қажет ететін және дамуында қиындықтары жоқ оқушыларға және педагогтерге, оқушылардың ата-аналарына, мектептің техникалық қызметкерлеріне кеңес беру [9].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектепте оқыту және тәрбиелеу үшін арнайы жағдайларды ұйымдастыруда мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялары (бұдан әрі – ПМПК) үлкен рөл атқарды, оның функцияларына жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту процесін арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды бақылау және іске асыру кірді [9]. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру ұйымы ішінде педагогикалық түзеу арқылы қолдауды педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, мұғалім-логопедтер, мұғалім-дефектологтар арқылы ПМПК қорытындысы негізінде жүзеге асты. Білім беру ұйымында педагогикалық түзеу арқылы қолдау алу үшін жағдайлар болмаған жағдайда мүмкіндігі шектеулі балалар оны білім беру ұйымынан тыс жерде арнайы түзеу білім беру ұйымдарының, ПМПК, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің (бұдан әрі – ППТК), логопедиялық пункттердің мамандарынан, сондай-ақ медициналық мекемелердің мамандарынан шарттық негізде алуға мүмкіндік алды [9].

Жалпы білім беру ұйымдары жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды сүйемелдеудің құрылған жүйесіне қарамастан, толықтай барлық білім беру ұйымдары қажетті материалдық-техникалық ресурстардың болмауына, сондай-ақ арнайы (дефектологиялық білімі бар) мамандардың тапшылығына

байланысты әдістемелік ұсынымдармен регламенттелген жағдайлар жасаған жоқ. Сонымен қатар білім беру ұйымында педагогикалық түзеу арқылы қолдау жүйесінің болуына қарамастан, оны алу үшін дамуында қиындықтары бар баланың диагнозына және оларды одан әрі дамыту-түзету жұмыстары бойынша ұсынымдар ПМПК мамандарының қорытындысы негізінде жүзеге асты. Бұл ретте мектепшілік ПМПК өкілеттігі тек ПМПК ұсынымдарын орындаумен және білім беру ұйымдарында арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруды бақылаумен шектелді.

Тыныбаева, Бутабаева және бірлескен авторлар атап өткендей, 2021 жылға дейінгі кезеңде медициналық үлгі негізінде қалыптасқан Қазақстанның инклюзивті саясаты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «ерекше білім беруді қажет ететін балалар» ұғымының болуына қарамастан мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға басым құқықты қамтамасыз етті [6].

Зерттеушілер қазақстандық инклюзивті саясатты дамытудағы бетбұрыс кезеңі деп Мемлекет басшысының 2021 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қоюын атайды [5], бұл елдің ерекше білім беру қажеттіліктерінің медициналық моделінен әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшуіне себеп болды [6]. ҚР «Білім беру» заңына енгізілген маңызды өзгерістердің бірі – «психологиялық-педагогикалық қолдау», «ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау» ұғымдарын енгізуі.

«Психологиялық-педагогикалық қолдау» ұғымы білім беру ұйымдарында іске асырылатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет, оның барысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) табысты оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады [3]. Айта кету керек, ПМПК қорытындысы негізінде мүмкіндігі шектеулі балалар алған алдыңғы педагогикалық түзеу арқылы қолдау жүйесінен осы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің айырмашылығы, 2022 жылдың қаңтарынан бастап психологиялық-педагогикалық қолдауды алу құқығына әртүрлі себептермен ерекше білім беруді қажет ететін балалар ие бола бастады [10].

Сонымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына негізделген, (29.09.2023 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) (бұдан әрі – БҒМ № 6 бұйрығы) [10] ЭЫДҰ ұсынымдарына [11] сәйкес енгізілген ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жаңа классификациясына қарай мүмкіндігі

шектеулі балалардан басқа, қолайсыз психологиялық факторларға байланысты мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары бар балалар (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, ата-ана мен бала және отбасы ішілік қатынастар); әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени сипаттағы (әлеуметтік тәуекел тобындағы отбасылардан шыққан балалардың педагогикалық елеусіздігі) қоғамда бейімделу қиындықтары бар (босқындар, мигранттар, қандастар отбасылары) балалар қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау алуға құқық алды [10].

БҒМ №6 бұйрығына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау мыналарды қамтиды:

- 1) ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың (балалардың) ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;
- 2) ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың (балалардың) педагогтері мен отбасына консультациялық-әдістемелік көмек;
- 3) ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау [10].

Негізінен мектепшілік ПМПК мамандары жүзеге асырған мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың алдыңғы моделінен айырмашылығы, қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық қолдау процесін білім беру процесінің барлық қатысушылары жүзеге асыратынын атап өту маңызды (*әкімшілік, педагогтер (мұғалімдер, тәрбиешілер, психолог (педагог-психолог), логопед (мұғалім-логопед), арнайы педагог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент), білім беру ұйымының қызметкерлері, тәрбиеленушілер/білім алушылар, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) және олардың ата-аналары (заңды өкілдері)*) [10]. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің қолданыстағы ережелерінің тағы бір маңызды айырмашылығы – мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім деңгейлерінде ерекше білім беруді қажет ететін барлық балаларға қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін үздіксіздік қағидаты. Психологиялық-педагогикалық қолдау процесін ұйымдастыруда «Білім туралы» ҚРЗ 45-бабы 3-тармағының 4-1-тармақшасына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдауды қоса алғанда, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін жауап беретін білім беру ұйымының әкімшілігіне үлкен рөл беріледі [3].

Психологиялық-педагогикалық қолдау процесін іске асыру үшін білім беру ұйымы басшысының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін (бұдан әрі – ППҚК) құру туралы, оның құрамы және мамандардың лауазымдық міндеттері туралы ережені бекіту туралы бұйрығы негіз болып табылады [10].

Психологиялық-педагогикалық қолдау процесі екі кезеңде жүзеге асырылады. Сондай-ақ келесі әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды:

1) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын бейімдеген түрінде оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу немесе жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын құру;

2) оқыту нәтижелерін бағалаудағы әдістерді өзгерту (оқушының жетістіктері);

3) оқытудың вариативтік, арнайы және баламалы әдістерін пайдалану;

4) оқулықтарды, оқу құралдарын таңдау, жеке оқу материалдарын дайындау;

5) оқыту үлгісін таңдау: жалпы білім беру тобында/сыныбында, жалпы білім беру ұйымының арнайы тобында/сыныбында немесе арнайы мектепке дейінгі ұйымда, арнайы мектепте (ата – аналарының келісімімен және ПМПК ұсынымы бойынша), үйде (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша (ДКК)) мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу;

6) ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар (балалар) үшін білім беру ұйымына физикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кедергісіз орта құру және оқыту орнын бейімдеу: мүмкіндігі шектеулі (тірек-қимыл аппараты, есту, көру, сөйлеу қабілеті зақымдалған) білім алушылар үшін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдалану;

7) мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау (психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент) ПМПК қорытындысы мен ұсынымы негізінде жүзеге асырылады [10].

Медициналық модельден ерекше білім беру қажеттіліктерінің әлеуметтік-педагогикалық қажеттілікке көшуіне себеп болған тағы бір маңызды нормативтік құжат ҚР БҒМ № 4 Бұйрығымен (бұдан әрі – БҒМ № 4 бұйрығы) Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары бекітілген [12]. Ережеде білім беру ұйымының ішінде де, одан тыс жерлерде де жүзеге асырылатын ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі реттеледі (1, 2-кірістірулер) [12].

Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі

- мұғалімнің (тәрбиешінің) әрбір білім алушының (тәрбиеленушінің) әлеуметтік-эмоционалдық әл-ауқатын және оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін бақылауды, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалауды пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесі барысында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың анықтауын;

- психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен оқыту қиындықтары бар балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін тереңдете зерделеуін және бағалауын;

- білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың тереңдетілген тексеру нәтижелері бойынша оқыту қиындықтары бар балаларға ПМПК-ға ерекше білім беру қажеттіліктерін одан әрі бағалауын;

- психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде және оңалту орталықтарында балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін пәнаралық ұжымдық бағалауды қамтиды.

1-кірістірме. Дереккөз: ҚР БҒМ № 4 бұйрығы

1-кірістірмеден көрініп тұрғандай, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауда негізгі рөл білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне тиесілі, олардың міндеті бастапқыда оқушылардың (білім алушылардың) ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау болып табылады. Осыған байланысты педагогтер балалардың ерекше білім берудегі қажеттіліктерін анықтаудың заманауи әдістері мен технологияларын меңгеруі, жүйелі негізде кәсіби құзыреттілігін арттыруы, психологиялық-педагогикалық қолдау процесінің басқа қатысушыларымен, оның ішінде білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) тұрақты өзара қарым-қатынасты жүзеге асыруы қажет. Сол сияқты мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, оның негізгі қызметі

мүмкіндігі шектеулі балаларға педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету үдерісін бақылауды жүзеге асыру, білім беру ұйымдарын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (бұдан әрі – ППҚК ретінде) ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың психологиялық-педагогикалық қолдау алу құқығын қамтамасыз етуде білім беру ұйымдарының негізгі жетекшілерінің бірі болып табылады. Біріншіден, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚК) мамандары балалар психологиясы, физиологиясы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістері мен технологиялары бойынша қажетті кәсіби білімге ие. Екіншіден, шетелдік [13, 14] және отандық тәжірибе [15] көрсеткендей, арнайы білімнің болмауына байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге өзінің қабілетінің жеткіліксіз екендігіне сенетін педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуде арнайы педагогтердің білімі мен тәжірибесі негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың қолданыстағы ережелері білім беру ұйымдарына ПМПК қорытындылары негізінде ғана емес, сонымен қатар білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және (немесе) педагогикалық кеңесі шешімінің негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін арнайы жағдайлар жасауға мүмкіндік беретінін атап өту маңызды [12].

ПМПК-да ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі

- ПМПК ата-аналардың (заңды өкілдердің) бастамасы бойынша, білім беру ұйымдарының ұсынымы бойынша балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін бағалайды. ПМПК терең зерттеу және арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде қызметтердің көлемін, түрлерін анықтайды.

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) бастамасы бойынша немесе ерекше білім беру қажеттіліктерін қайта бағалау қажеттілігі туралы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің шешімі негізінде білім беру ұйымдарының сұранысы бойынша ПМПК-дағы ерекше білім беру қажеттіліктерін қайта бағалайды.

2-кірістірме. Дереккөз: ҚР БҒМ № 4 бұйрығы

Бұл ретте мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін ерекше жағдайлар жасаудың бастапқы құжаты ПМПК қорытындысы болып қала береді. Осылайша, елдің инклюзивті саясатының дамуының қазіргі кезеңінде білім

алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету процесін қамтамасыз етудегі арнайы білім беру ұйымдарының (ПМПК, ППТК, ОО) рөлі өзекті болып қала береді.

Сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуға құқықтарын қамтамасыз етудегі оң жетістіктердің бірі психологиялық-педагогикалық қолдау алуға құқығы бар балалар тобының кеңеюі ғана емес, сонымен қатар ПМПК-ның әлеуметтік-педагогикалық қолдауға көшуі болып табылады (3-кірістірме). Осыған қоса, психологиялық-педагогикалық қолдау процесін жүзеге асыруда білім беру ұйымдарының педагогтеріне әдістемелік қолдау көрсетудегі олардың рөлі артады [16].

Тағы бір оң жетістік – әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық қызметке және (немесе) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесіне микроәлеуметтік-педагогикалық қадағалаусыз қалған отбасыларда тәрбиеленетін балалардың анықталған ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарының санаттары; жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, кандастар); мүмкіндігі шектеулі балалар қабылдау құқығы берілген болатын [12].

Педагогтердің функционалдық міндеттерін кеңейтуді, тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау жөніндегі білім беру ұйымының психологиялық педагогикалық қолдау көрсету қызметі мен педагогикалық кеңесінің қызметін, сондай-ақ білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны және оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны үшін білім беру ұйымдары басшыларының жауапкершілігін ескере отырып, елдің инклюзивті саясатын дамытудың қазіргі кезеңінде барлық білім алушылардың білімге тең қол жеткізу және психологиялық-педагогикалық қолдау құқықтарын қамтамасыз етудегі педагогтердің рөлі едәуір артып келеді. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының әкімшіліктері, педагогтері жүйелі негізде өзінің кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін қолдану бойынша жетілдіруі қажет.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік-педагогикалық жіктемесі:

1) есту қабілетінің зақымдалуы (нашар еститін, естімейтін және кохлеарлы импланты бар бала);

2) көру қабілетінің зақымдалуы (нашар көретін, көрмейтін бала);

3) тірек-қозғалыс аппаратының бұзылысы: жеке күтімді талап етпей өз бетінше жүріп-тұратындар; арнайы жүріп-тұру құралдарының және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың көмегімен жүріп-тұратындар; бірге еріп жүретін тұлғаның көмегін талап етіп өз бетінше жүріп-тұрмайтындар;

4) зияты зақымдалуы: жеңіл, орташа, ауыр және терең зерде зақымдалуы;

5) психикалық дамудың тежелуі;

6) сөйлеу тілінің дамымау түрі, формасы және деңгейі көрсетілген сөйлеу тілінің бұзылысы: фонетикалық-фонематикалық, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, тұтығу, ринолалия, дизартрия, дисграфия, дислексия және т.б.;

7) қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекеттің бұзылысы немесе қиындықтары (аутизм және аутистік спектрдің бұзылуы диагноздарына сәйкес келеді);

8) мінез-құлықтың бұзылыстары немесе қиындықтары (зейін тапшылығының гиперактивтілігінің бұзылуы және басқа да мінез-құлық бұзылыстары, соның ішінде әлеуметтік-психологиялық факторлардың әсерінен туындаған диагностикаға сәйкес келеді).

3-кірістірме. Дереккөз: ҚР ОАМ № 385 Бұйрығы

1.2. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды үздіксіз педагогикалық қолдау моделін іске асырудың халықаралық тәжірибесі

Білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үдерісін жүзеге асыру мәселелерін бірқатар отандық және шетелдік зерттеушілер зерттеді, сонымен қатар инклюзивті тәжірибені жүзеге асырумен айналысатын оқытушылар талдап қорытындылады.

Инклюзивті білім беру мәселелерімен белсенді айналысатын қазақстандық ғалымдардың бірі – З.А. Мовкебаева. Оның еңбектері ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу үшін арнайы жағдайлар жасауға және инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін педагогтерді даярлауға арналған еді [17, 18, 19].

Еліміздегі инклюзивті білім берудің ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздеріне отандық ғалымдар И.Г. Елисеева мен А.К. Ерсарина елеулі үлес қосты. Авторлар әзірлеген әдістемелік ұсынымдарда ҚР жалпы білім беретін мектептерінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері ашылды [20].

Сонымен, жалпы білім беретін мектепте психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың маңызды шартына, авторлар инклюзивті мектеп ортасын дайындауды қарастырады. Бұл жалпы білім беру процесінің барлық қатысушыларында, соның ішінде мұғалімдер, техникалық персонал, ата-аналар, оқушылардың өздері үшін инклюзивті мәдениетті қалыптастыруды білдіреді. Ғалымдар инклюзивті мектеп ортасын құру бойынша әкімшілік пен педагогикалық ұжым қызметінің негізгі бағыттарын сипаттайды:

- 1) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру үшін жергілікті нормативтік құжаттарды жасау;
- 2) білім беру процесіне қатысушылардың қызметтік міндеттерін айқындау;
- 3) мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдаудың ағымдағы жағдайын талдау және бағалау;
- 4) мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлау;
- 5) мектеп қоғамдастығын психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыру үшін дайындау;
- 6) әлеуметтік серіктестерді іздеу [20].

Зерттеушілер психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жүзеге асыруда маңызды рөлді мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіне жүктейді, оның құрамына: психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, тәрбиеші, әдістемелік көмекші кіреді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚК) функцияларына мыналар жатады:

- қиындықтардың сипатын және олардың туындау себептерін бағалау мақсатында психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізу;
- зерттеу нәтижелерін тиісті құжат үлгілерінде рәсімдеу;
- зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау;
- оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасау;
- оқушылармен жеке және топтық сабақтар өткізу;
- мұғалімдерге, ата-аналарға, мектеп әкімшілігіне кеңес беру;
- білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын іске асыруда нәтижелеріне бақылау жүргізу;
- әлеуметтік серіктестермен өзара қарым-қатынас жасау.

Зерттеушілер білім беру мекемесінің әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметінің мамандарын мектептің педагогикалық кеңесінің құрамына енгізу қажеттігін атап көрсетеді, оның функцияларының бірі № 4 БҒМ бұйрығының 10, 12-тармақшасына [12], педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларының 3-тармағына және оны мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру [21] білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін арнайы жағдайлар жасау туралы шешім қабылдауды қамтиды.

Ғалымдар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысындағы келесі негізгі принциптерді анықтады:

1) медициналық мәліметтерді және бала дамуының әлеуметтік-психологиялық тарихын зерделеуден, мамандардың (педагог-психолог, логопед, арнайы және әлеуметтік педагог) арнайы, психологиялық-педагогикалық зерттеп-қарауын жүргізуден тұратын білім алушылардың ерекше білім берудегі қажеттіліктерін бағалайтын кешенді (пәнаралық) тәсіл;

2) оқудағы қиындықтардың себептері мен механизмдерін белгілеуден, табысты оқуға кедергі келтіретін негізгі (жетекші) және қайталама қиындықтар арасындағы байланысты орнатудан тұратын жүйелі және біртұтас тәсілдер;

3) білім алушылардың анықталған ерекше білім беру қажеттіліктерін оқу процесінде ескеру және оқу процесінде пайда болатын басқа қажеттіліктерге тұрақты мониторинг жүргізу;

4) топтық жұмыс принципі мыналарға негізделеді:

- оқытудағы қиындықтар мен ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауда және бағалауда бірыңғай тәсіл мен талаптарды сақтау;

- бірыңғай құндылықтарды ұстану: оқушының жеке басын құрметтеу, атап айтқанда, отбасы берген бала туралы ақпараттың құпиялылығы қағидатын сақтау;

- білім беру процесінің барлық қатысушыларының: мұғалімдердің, мамандардың, ата-аналардың (заңды өкілдердің) және білім алушылардың ынтымақтастығы, өзара бір-біріне деген құрметі мен сенімі;

- психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары арасындағы жауапкершілікті бөлу [20].

Әдістемелік ұсынымдарда авторлар Елисеева мен Ерсарина командалық тәсілге негізделген ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұнын сипаттауға ерекше назар аударады (4-қосымша), сондай-ақ мамандар мен мұғалімнің оқушының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және қанағаттандыру алгоритмін ұсынады [20].

1-қосымшадан көріп отырғанымыздай, психологиялық-педагогикалық қолдау процесін іске асыру білім беру процесінің барлық қатысушыларының (мұғалімдер, психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің мамандары, білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) тұрақты өзара қарым-қатынас орнатып, араласуын талап етеді. Осыған байланысты бұл процесті ұйымдастыруда білім беру ұйымының басшысы ғана емес, оның орынбасарлары да маңызды рөл атқарады. № 6 БҒМ бұйрығының 9-тармағына сәйкес білім беру ұйымы басшылары орынбасарларының қызметіне білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін ұйымдастыру, білім беру қажеттіліктерін бағалау кезеңінде және ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдау процесінде тәрбиешілердің/педагогтердің, мамандар мен ата-аналардың өзара іс-қимылын реттеу, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандар құжаттаманы жинауы мен қалыптастыруын бақылау кіреді [10].

Авторлар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚК) мамандарының білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде келесі принциптерді сақтауына назар аударады:

- психологиялық-педагогикалық жұмыс принциптері (білім алушының жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу, белсенділік тәсілі және т.б.);

- оқушылардың жеке дамыту жұмыстары оқудағы қиындықтарын жеңуге бағытталады;

- баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін, оның ішінде оның күшті жақтарын, қызығушылықтары мен хоббилерін есепке алатын жеке тәсіл (білім алушы үшін бағдарламаның қолжетімділігін қамтамасыз ету, алдағы уақыттағы

дамуын ескеру; оқыту мен мінез-құлықтағы қиындықтарын еңсеруге ғана емес, оларды тудыратын себептерге де бағдарлануы);

- білім алушылармен жұмыс істеуде әлеуметтік, коммуникативтік бағыттылық;

- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен сынып жетекшісінің білім беру процесінде нақты қиындықтарды жеңу мақсатында оқушылармен жұмыс жасау кезінде қолданатын мақсаттарының, тәсілдерінің, талаптарының сабақтастығы мен бірлігі;

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) оқушылармен бірге дамыту жұмыстарына белсенді қатысуы [20].

Елисеева мен Ерсаринаның пікірінше, білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын жүзеге асырудың маңызды кезеңдерінің бірі оқу бағдарламаларын бейімдеу және жеке оқу жоспарларын құру бойынша ұсыныстарды дайындау болып табылады.

Авторлар қандай жағдайларда оқу бағдарламаларын бейімдеп немесе жеке оқу бағдарламаларын құрастыру қажет екенін түсіндіреді [20]:

- егер білім алушы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында белгіленген көлемге және оны аудиторияда оқу қарқынына сәйкес оқу пәнінің мазмұнын меңгеруде қиындықтарға тап болса, оқу бағдарламасы бейімделеді. Бұл бейімделу білім алушының жекелеген оқу пәндері бойынша оқу тоқсанына жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша келесі тоқсанға оқу бағдарламасы жасалады;

- егер білім алушыға тексеру қорытындысы бойынша ПМПК-да «жеке оқу жоспары және жеке оқу бағдарламалары бойынша оқыту» ұсынылса, ол үшін жеке оқу бағдарламасы жасалады. Бұл бағдарлама жалпы сыныпта оқитын зияты зақымдалған білім алушылар үшін жасалады. Оқу жоспарын даралау білім алушының қатысуы міндетті емес пәндерді оқу жоспары үшін анықтауын талап етеді (мысалы, алгебра немесе шет тілі) [20].

Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау кезеңдері:

1. ПМПК ұсынымдары негізінде білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау:

- мұғалім мен ППҚҚ мамандарының баланы оқытудағы қиындықтардың сипаты туралы ақпарат жинауы;
- білім алушыны ППҚҚ мамандарының тереңдетілген және бағытталған зерттеуі;
- бірлескен (мамандар, мұғалім және ата-аналар (заңды өкілдер) оқудағы қиындықтарды талқылауы, білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін және оның психологиялық-педагогикалық қолдауының мазмұнын анықтауы;
- білім алушының ерекше білім берудегі қажеттіліктерін қамтитын психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеуі;
- мониторингпен бірге психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыруы.

2. Білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен қолдау;


3. Оқу бағдарламаларын бейімдеу, жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсынымдар.



4-кірістірме. Дереккөз: «Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау: әдістемелік ұсынымдар»



Үлгілік оқу бағдарламаларын бейімдеу және жеке оқу бағдарламаларын жасау кезінде мұғалім МЖМБС-ға сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын немесе зияты бұзылған білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын ескере отырып, білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде арнайы педагогтермен



тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейтінін атап өту маңызды. Осыған байланысты мұғалімдерге инновациялық психологиялық-педагогикалық технологияларды (арнайы және балама әдістер) ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің мазмұнын реттейтін нормативтік құжаттарды да меңгеру қажет (1-кесте).



1-кесте. Педагогтерге психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын іске асыру кезінде қажетті негізгі нормативтік құқықтық құжаттар



№ р/с	Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық құжаттарға шолу	
	Білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруды регламенттейтін Қазақстан Республикасының бұйрықтары	
1	<p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»</p> <p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (04.10.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</p>	
	<p>Бұйрықпен инклюзивті білім беру қағидаттарын ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар бекітілді</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 2) 2-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 3) 3-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 4) 4-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 5) 5-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 	

	<p>б) 6-қосымшаға сәйкес Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031/compare</p>	
2	<p>« Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы <i>(26.10.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i></p>	
	<p>Бұйрықпен ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын қоса алғанда, білім берудің барлық деңгейлері (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) бойынша үлгілік оқу жоспарлары бекітілді URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008170/compare</p>	
3	<p>« Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы <i>(16.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i></p>	
	<p>Бұйрықпен ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламаларын қоса алғанда, білім берудің барлық деңгейлері (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) бойынша үлгілік оқу бағдарламалары бекітілді. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008424/compare</p>	
4	<p>« Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы <i>(07.08.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i></p>	


	<p>Қағидалар бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) оқуға қабылдаудың тәртібін, сондай-ақ «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» және «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тәртібін айқындайды</p> <p>URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017553/compare</p>	
5	<p>«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығы <i>(01.09.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i></p>	
	<p>Үлгілік қағидалар мыналарды анықтайды:</p> <p>- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі (1-қосымша)</p> <p>1 тарау. Жалпы ережелер</p> <p>2 тарау. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу тәртібі</p> <p>3-тарау. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі</p> <p>- меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды,</p>	




	аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібін айқындайды (2-қосымша) URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005191_/compare	
6	<p>«Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы»</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы (18.10.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</p>	
	<p>Бұйрықпен білім туралы, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған құжаттардың түрлері бекітілді</p> <p>2 тарау. Мемлекеттік үлгідегі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды беру тәртібі</p> <p>URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010348/compare</p>	
7	<p>« Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»</p> <p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (05.04.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</p>	
	<p>1 тарау. Жалпы ережелер</p> <p>5-тарау. Оқу жағдайларына және өндірістік практикаға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар</p> <p>2-қосымша. Жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтығы</p> <p>3-қосымша. Жалпы білім беру ұйымдарындағы апталық оқу жүктемесі</p> <p>4-қосымша. Қиындық бойынша элементтерді саралау кестесі</p>	


	URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023890/compare	
8	<p>« Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы»</p> <p>ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы</p> <p><i>(03.07.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i></p>	
	<p>Бұйрықпен мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру бекітілді. Осы бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымдары білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау үшін жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етіледі.</p> <p>URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013272/compare</p>	
<p>Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруды және балалардың құқықтарын қорғауды регламенттейтін Қазақстан Республикасының бұйрықтары</p>		
1	<p>« Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы</p> <p><i>(17.11.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i></p>	
	<p>1-қосымша. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету қағидалары</p> <p>2-қосымша. «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оналту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары</p> <p>3-қосымша. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін</p>	

	оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары 4-қосымша. «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020744/compare	
2	« Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы <i>(29.09.2023 жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i>	
	Қағидалар мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібін айқындайды Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды анықтау URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare	
3	« Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы <i>(29.09.2023 жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i>	
	Қағидалар мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәртібін айқындайды Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды)	

	ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare	
4	« Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м. а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы <i>(29.06.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i>	
	Ережелер орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет тәртібін анықтайды Психологиялық қызмет – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайлары бойынша орта білім беру ұйымының алқалы органы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029288/compare	
5	« Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы <i>(29.06.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i>	
	Қағидалар баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі қызметтің тәртібін айқындайды. баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе	

	<p>бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілері пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг)</p> <p>URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031180/compare</p>	
6	<p>«Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы»</p> <p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 532 бұйрығы (29.09.2023 жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</p>	
	<p>Қағидалар мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды айқындайды</p> <p>Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің белгілі бір түрін орындау қабілетін қалпына келтіруге немесе өтеуге бағытталған қызметтер мен іс-шаралар кешені.</p> <p>URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031505/compare</p>	
<p>Білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруды регламенттейтін білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары бойынша</p> <p>Қазақстан Республикасының бұйрықтары</p>		
1	<p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы N 272 Бұйрығы (02.04.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</p>	

	<p>Қағидалар білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды</p> <p>3. Педагогикалық кеңес:</p> <p>4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;</p> <p>13) оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру.</p> <p>URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005229_/compare</p>	
2	<p align="center">« Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы»</p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығы <i>(08.08.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i></p>	
	<p>Қағидалар білім беру ұйымдарының түрлерін түрлері бойынша, білім беру деңгейлері бойынша, оқыту бейіні бойынша, оқытуды ұйымдастыру шарттары бойынша айқындайды</p> <p>URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008390/compare</p>	
3	<p align="center">« Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы»</p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы <i>(07.08.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i></p>	
	<p>Қағида оқу-тәрбие процесі шеңберінде сынып оқушыларының қызметін үйлестіру бойынша</p>	

	педагогке жүктелген сынып жетекшісінің функцияларын айқындайды. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013067/compare	
4	Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, тиісті үлгілер мен түрлердегі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы <i>(07.08.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)</i>	
	1-қосымша. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 2-қосымша. Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) 3-қосымша. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 4-қосымша. Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 6-қосымша. Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 7-қосымша. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329/compare	

Зерттеушілер Елисеева мен Абаевадан басқа психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жүзеге асыру мәселелерін ғалым Г.А. Абаевамен бірлескен авторлар да зерттеді [22]. Авторлар әзірлеген әдістемелік ұсынымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру алгоритмі берілген және оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың (ата-аналар, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі, білім бөлімі және т.б.) нақты және дәйекті әрекеттері көрсетілген [22]. Айта кету керек, мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісі сияқты, үй жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуды ұйымдастыру кезінде мұғалімдер жүйелілік, үздіксіздік қағидаларын

басшылыққа алып, әріптестерімен жұмыс істеуде топтық тәсілді және балалармен жұмыс істеуде жеке тәсілді қолдануы қажет.

И.Г. Елисеева, Ж.Б. Аханованың әдістемелік ұсынымдарында деңгейлік тәсілді қолдану негізінде жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны ашылды [23]. Авторлар ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және білім беру процесінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету кезеңдерінде мұғалім мен мамандардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін ұсынды және мұғалімнің, арнайы педагогтің, педагог-ассистенттің құзыреттері анықталды [23].

А.Қ. Ерсаринаның жалпы білім беретін мектеп әкімшілігіне, мектептің педагогикалық психологтеріне, мұғалімдері мен мамандарына арналған әдістемелік ұсынымдарында жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға психологиялық қолдауды ұйымдастыруы және осы мәселелердің мазмұны қарастырылады [24].

Зерттеушілер А.Т. Баймұратова, Г.С. Дербисалова Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзету-педагогикалық қамтамасыз ету жағдайына ситуациялық талдау жасады [25]. Бұл жұмыста авторлар мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық түзеу арқылы қолдауды нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді талдауды ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін, білім алатын ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көрсетілетін педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетудің қазіргі жай-күйін зерделеудің нәтижелері көрсетіледі [25].

Педагог-ассистенттің білім беру процесінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жеке сүйемелдеудегі маңызды рөлін ескере отырып, педагогтерге, психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің мамандарына ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім беру ұйымдарында педагог-ассистент сүйемелдеу жөніндегі Егорова мен әріптестерінің әдістемелік ұсынымдары пайдалы болады [26].

И.Г. Елисееваның әдістемелік ұсынымдарында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу-тәрбие процесін даралау тәсілдері ашып көрсетілген [27]. Бұл жұмыста автор әр баланың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ететін мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың оқу бағдарламаларын бейімдеу және жеке оқу бағдарламаларын жасау тәртібіне ерекше назар аударады [27].

Мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогтері үшін үлкен ғылыми-әдістемелік қызығушылық тудыратын отандық еңбектердің бірі – Г.М. Коржованың және әріптестерінің инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік ұсынымдары [28].

Ұсынымдарда инклюзия жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың және бастауыш сыныпта білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету контекстінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың және бастауыш сыныпта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талданған. Сондай-ақ жалпы білім беретін мектепке ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қабылдаудың қолданыстағы ережелері, инклюзия жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш сыныпта білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің компоненттері айқындалып, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың арнайы мектепке дейінгі ұйымнан жалпы білім беретін мектепке ауысу ерекшеліктері келтіріліп, инклюзивті білім беру ортасында сабақтастық қағидатын қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарының өзара іс-қимыл алгоритмі ұсынылған [28].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектепке дейінгі және бастауыш білімін реттейтін нормативтік құжаттарды талдау барысында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектепке дейінгі білім беру деңгейінен бастауыш білім беру деңгейіне ауысуы кезінде сабақтастық қағидаттарын іске асыруда бірқатар қайшылықтар бары анықталды.

Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептерінде жұмыс істейтін барлығы 859 тәрбиеші, мектепалды даярлық және бастауыш сынып мұғалімі, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін балаларды балабақшадан жалпы білім беретін мектепке көшіру кезінде педагогтердің кезігетін қиындықтары анықталды [28].

Мектепалды даярлық сыныптарының тәрбиешілері мен мұғалімдерінде анықталған негізгі қиындықтар:

- бірінші сыныпта оқитын ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектепалды даярлық және оқыту бағдарламаларын игеру деңгейінің төмендігі;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін жоғары білікті мамандардың болмауы;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша базалық білімнің болмауы;

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен жұмыс жасау деңгейінің төмендігі.

Мектепке дейінгі ұйымдарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің мамандары мен мектепке дейінгі тәрбиешілер мынадай қиындықтарға кезігеді:

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын игеруде деңгейлерінің төмендігі;

- оқытудың өтпелі кезеңінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды диагностикалау, түзету және дамыту мәселелерінде кәсіби құзыреттіліктің жеткіліксіз болуы;

- білім беру ұйымында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі болмаған жағдайда;

- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының жалпы білім беретін мектептердің мектепке дейінгі дайындық сыныптары мен бастауыш сынып мұғалімдерімен өзара іс-әрекеттерінің жеткіліксіздігі;

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен жұмыс жасауы төмен деңгейде.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігі үшін анықталған негізгі қиындықтар:

- мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептер арасындағы сабақтастықтың болмауы;

- балабақшаларда және жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында тәрбиеленетін және оқитын ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін ақпараттың болмауы;

- қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігі [28].

Зерттеуші Коржовамен әріптестері мұғалімдер мен білім беру ұйымдары әкімшілігінің жоғарыда аталған қиындықтарды жеңу қажеттігін атап өтеді [28].

Осы мақсатқа жету үшін авторлар инклюзия жағдайында мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін келесі компоненттерді пайдалануды ұсынады (5-қосымша) [28].

Ұйымдастырушылық сабақтастықты қамтамасыз ету үшін авторлар ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудің келесі тиімді әдістерін көрсетеді:

- баланың мектепте одан әрі білім алу жағдайын жасау керек, ерекше білім беруді қажет ететін баламен жұмысты ұйымдастыру (топтық сыныптардың санын көбейту; ерекше білім беруді қажет ететін баланы топтық сыныптарға қосу);

Инклюзия жағдайында мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ететін компоненттер:

1. Басқарушылық (әкімшілік) сабақтастық – инклюзия жағдайында сабақтастық процесін басқару.

- сабақтастық процесінің басқару моделін ескере отырып, білім беру ұйымының жергілікті нормативтік актілерін әзірлеу (*жарғы, сабақтастық принципін іске асыру бойынша әкімшілік пен педагогтердің жұмысын реттейтін құжаттар; сабақтастық принципін іске асыру кезінде жауапкершілік дәрежесін айқындайтын функционалдық міндеттерді нақты бөле отырып, әкімшілік қызметкерлер мен педагогтердің лауазымдық нұсқаулықтары және т.б.*);

- мектепке дейінгі ұйымда және жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында ерекше білім беруді қажет ететін балалар, психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің мамандары бойынша жалпы деректер базасының болуы; сабақтас пәндік-дамытушылық білім беру ортасын құру үшін білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы туралы мәліметтер;

- мектепке дейінгі ұйыммен жалпы білім беретін мектептің (бастауыш сыныптар) арасында ынтымақтастық туралы шарттың болуы;

- аралас деңгейлердегі білім беру ұйымдарының жұмысында сабақтастық қағидатын іске асыру жоспарларын әзірлеу және үйлестіру;

- осы бағыттағы сабақтастық қағидатын және даму перспективаларын жүзеге асыру бойынша білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігін бағалау.

2. Ұйымдастырушылық сабақтастық – сабақтастықты жүзеге асыру бағыттарына бірыңғай құрылымдық-ұйымдастырушылық тәсіл: ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс; педагогтердің өзара араласуы; ата-аналармен ынтымақтастық.

3. Технологиялық сабақтастық – ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілердің/білім алушылардың даму деңгейіне, олардың жасына және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық тәсілдерінің, әдістерінің, нысандарының бірлігі.

5-кірістірме. Дереккөз: инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету: әдістемелік ұсынымдар.

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектептің оқу жағдайымен алдын ала таныстыру; мектеп оқушыларымен мұғалімдерінің өзара араласуы;

- мектеп жасына дейінгі балалардың мектепте ұйымдастырылған бейімдеу сабақтарына қатысуы (педагог-психолог, арнайы педагог немесе психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басқа маманы);

- мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы білім беретін мектептердің бірінші сынып оқушыларымен мәдени, ойын-сауық, сауықтыру және басқа да бос уақытын өткізуге бірге қатысуы;

- ерекше білім беруді қажет ететін бала қатысатын мектепалды даярлық бітірушілер тобында тәрбиешілер жүргізетін сабақтарға бастауыш сынып мұғалімінің қатысуы [28].

Коржова және оның әріптестерінің пікірінше, бұл жұмыс түрлері мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында оқуға сәтті бейімделуіне ықпал етеді [28].

Авторлар балабақша тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің, мектепке дейінгі ұйымның психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің және жалпы білім беретін мектептің мамандары арасындағы ерекше білім беруді қажет ететін баланы мектепке қабылдаудан бір жыл бұрын және мектепке түскеннен кейінгі бірінші жылы психологиялық-педагогикалық қолдаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап өтеді [28].

Зерттеушілердің пікірінше, мұғалімдердің өзара байланысының ең тиімді формалары:

- мектепке дейінгі ұйымның ерекше білім беруді қажет ететін түлектер туралы деректерді жалпы білім беретін мектепке жіберуі;

- жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдері мен ППҚҚ мамандарының мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілерімен және ППҚҚ мамандарымен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке ерекшеліктері туралы, оның ішінде оқу бағдарламасын меңгеруі бойынша кездесіп, әңгімелесулер өткізуі;

- мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беруді қажет ететін баланың бастауыш сынып мұғалімінің оны тәрбие-білім беру процесінде (сабақтарда, ойын процесінде) бақылау, сондай-ақ тәрбиешінің ерекше білім беруді қажет ететін баламен жұмыс істеу әдістерін зерделеу мақсатында келуі;

- мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын; тәрбиеленушілердің ерекше білім беруді бағалау нәтижелерін мектептің ППҚҚ мұғалімі мен мамандарының зерделеуі;

- ерекше білім беруді қажет ететін белгілі бір балаға қажетті білім алу үшін арнайы шарттардың түрлерін одан әрі талқылау мақсатында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен сабақтардың үзінділерін бірлесіп қарау;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаға білім алу үшін арнайы жағдайларды одан әрі ұйымдастыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің тәрбиешілерінің, мұғалімдерінің, ППҚҚ мамандарының бір-бірінің өзара сабақтарына қатысуы, білім берудің бір деңгейінен екінші деңгейіне өтуі кезінде сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында жасалады;

- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері және жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері бірлесіп, мектепке дейінгі ұйымдағы ерекше білім беруді қажет ететін баланың бітіру тобына бірлескен сабақтар әзірлеу және өткізу;

- мектепке бейімделу кезеңінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бақылау мақсатында болашақ бірінші сынып оқушылары үшін мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілерінің мектепте жоспарланған іс-шараларға қатысуы;

- ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын талқылау мақсатында мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері, мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары бірлесіп кеңестерді, тренингтерді, пікірталастарды, семинарларды өткізуі;

- ерекше білім беруді қажет ететін баланы жаңа жағдайларда оқытуға байланысты мәселелерді бірлесіп шешу мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің кеңестеріне екіжақтың өзара қатысуы;

- мектепке дейінгі ұйымдарды және жалпы білім беретін мектептерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі тәрбиешілерінің, педагогтері мен мамандарының мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуға арналған арнайы жағдайларды алдын ала бірлесіп анықтауы;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша әдістемелік әдебиеттермен алмасу [28];

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың отбасыларымен бірлескен өзара жұмыстар атқару.

Педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен өзара әрекеттесуіндегі басты міндет – «балабақша-отбасы-мектеп» жүйесінде біртұтас білім беру кеңістігін құру. Авторлар мектепке табысты бейімделу үшін ерекше білім беруді қажет ететін баланың отбасымен тәрбиешілер, педагогтер, мұғалімдер, мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының күш-жігерін біріктіру қажеттігін атап көрсетеді.

Коржова және оның әріптестері ерекше білім беруді қажет ететін баланың отбасы, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мұғалімдері мен мамандары арасындағы өзара әрекеттестіктің келесі формаларын анықтайды:

1) Жеке

- ерекше білім беруді қажет ететін баланы тәрбиелеудегі қиындықтарды, психологиялық, әлеуметтік қиындықтарды анықтау, сондай-ақ оларды жеңу жолдарын іздеу мақсатында әңгімелесу, кеңес беру; ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу үлгерімі туралы ата-аналарды хабардар ету; отбасында ерекше білім беруді қажет ететін баламен жұмыс істеу формаларын талқылау;

- ата-анасының (заңды өкілдерінің) қатысуымен баламен жеке сабақтар өткізу;

- ата-аналардың (заңды өкілдерінің) ерекше білім беруді қажет ететін балалармен өткізілетін сабақтарының бейнежазбаларын көруі;

- ата-анасының (заңды өкілдерінің) қатысуымен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру;

- ата-аналарды (заңды өкілдерді) мектептегі балалардың білім алу жағдайларымен алдын ала таныстыруы және болашақ мұғаліммен және мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен өзара байланысуы;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектепке дайындау және мектепке бейімдеу мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) сауалнама жүргізу;

- ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жиналыстарына қатысуы;

- ата-аналарды (заңды өкілдерді) мектепте балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасының мазмұнымен, олардың бағдарламаны жүзеге асыруға қатысу мүмкіндіктерімен таныстыру.

2) Ұжымдық

- ашық есік күндері

- тәрбиешілер, мұғалімдер, мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының қатысуымен балаларды мектепке дайындау бойынша ата-аналар жиналысы;

- балаларды мектепке дайындау бойынша семинарлар, тренингтер, талқылаулар.

3) Көрнекі

- тақырыптық стендтер мен көрмелерде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту, арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды отбасы жағдайында мектепке оқуға дайындауға бағытталған дидактикалық ойындар мен оқу құралдарының көрмелері;

- балалардың шығармашылық қызметінің нәтижелеріне ата-аналардың (заңды өкілдердің) назарын аудару мақсатында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қатысуымен көрмелер өткізу;

- ата-аналарды отбасында балалармен жұмыс істеудің тиімді әдістеріне үйрету мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тәрбиешілері мен мамандарының ашық сабақтары.

4) Сандық

- мектепке дейінгі ұйымның және жалпы білім беретін мектептің интернет-ресурсында білім беру ұйымының қызметі, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, тәрбиелеу, білім алу үшін ерекше жағдайлар жасау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты орналастыру;

- білім беру ұйымдарының форумына ата-аналардың қатысуы (ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы өзекті тақырыптарды талқылау, мектепке дайындау);

- білім беру ұйымдарының педагогтерінің әлеуметтік желі парақшаларындағы блогтарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектепке дайындау туралы ақпаратты орналастыруы;

- электрондық пошта арқылы баланың топтағы (сыныптағы) іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, тәртібі туралы ақпаратты беру арқылы ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара қарым-қатынас жасау;

- жоспарланған іс-шараларды талқылау мақсатында әлеуметтік желілердегі топтарда ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың (білім алушылар) ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өзара байланысуы;

- мектепке дейінгі дайындық және балаларды мектепке бейімдеу кезеңінде WhatsApp, Telegram, Skype мессенджерлерінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың (білім алушылар) ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өзара байланысуы [28].

Мектепке дейінгі ұйымдарда және бастауыш мектептерде білім беруді ұйымдастырудағы технологиялық сабақтастық мыналармен қамтамасыз етіледі:

- оқу бағдарламасының мазмұнын және оны игеру нәтижелерін бейімдеу;

- оқу материалын және оны беру әдістерін бейімдеу;

- оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескеру;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтендіру және бейімдеу қиындықтарын жеңу.

Коржова және оның әріптестері әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оның білім беру қажеттіліктерін жүзеге асыруға жеке көзқарасты сақтау қажеттігін атап өтеді. Авторлар білім алудың ерекше шарттарын анықтау үшін мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейіндегі тәрбиеленушілердің (білім алушылар) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қажеттілігіне ерекше назар аударады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің технологиялық сабақтастығын қамтамасыз етудің тиімді үлгісі, зерттеушілердің пікірінше, ерекше білім беруді қажет ететін әрбір балаға мектепке дейінгі ұйымның психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің педагогтері, мамандары толтырған, оны тәрбиелеу мен оқытудың шарттары, нәтижелері көрсетілген құжат пакеті болып табылады. Бұл пакет мектепке дейінгі ұйымнан ерекше білім беруді қажет ететін баланы шығару кезінде бала оқытылатын жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдеріне беріледі (6-қосымша) [28].

Осылайша, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеуде үздіксіздік пен сабақтастық қағидаттарын қамтамасыз етудегі аса маңызды міндет педагогтердің, мектепке дейінгі ұйымдар, жалпы білім беретін мектептер мамандарының, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) жүйелі өзара әрекеті болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беруді қажет ететін баланы тәрбиелеу мен оқытудың шарттары, нәтижелерін көрсететін құжат пакеті:

1) балаға жалпыланған сипаттама (бала шығарылғанға дейін мамыр айында толтырылады), оған мыналар кіреді:

- баланың оқу мен дамудағы қиындықтарының көріністері және олардың себептері;

- баланың психологиялық (мінез-құлық, эмоционалдық) ерекшеліктері;
- баланың күшті жақтары.

2) балаға көрсетілген психологиялық-педагогикалық қолдау түрлері:

- оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту;
- оқыту әдістері;
- тәрбие мен оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері;
- дидактикалық құралдарды таңдау, жеке оқу материалдарын дайындау;
- оқу орнын бейімдеу және тәрбие мен оқыту ортасын бейімдеу;
- компенсаторлық және техникалық құралдарға қажеттілік;
- педагог-психологтың көмегі (атқарған жұмыстарының бағыттары);
- логопедтің көмегі (атқарған жұмыстарының бағыттары);
- арнайы педагогтің көмегі (атқарған жұмыстарының бағыттары);
- педагог-ассистенттің көмегі (атқарған жұмыстарының бағыттары);
- әлеуметтік-педагогикалық көмек (жасалған жұмыстардың бағыттары).

3) ерекше білім беруді қажет ететін баланың дамуы мен жетістіктері мониторингінің жалпыланған нәтижелері (психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің барлық қатысушыларымен алқалы түрде құрастырылады).

4) ерекше білім беруді қажет ететін баланың мектепте білім алуы үшін жағдай жасау бойынша ұсынымдар (оқу бағдарламасының мазмұнын енгізу және оқудағы қиындықтарды шешу нәтижелері бойынша).

6-кірістірме. Дереккөз: Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету: әдістемелік ұсынымдар.

Осы өзара әрекеттесуді орнатудың тиімді әдістерінің бірі ретінде авторлар ерекше білім беруді қажет ететін балалар білім берудің бір деңгейінен екінші

деңгейге өтуін қажет еткен кезде қолданылатын балабақша мен мектеп арасындағы өзара әрекеттесу алгоритмін ұсынады (7-10 кірістірмелер).

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім берудің бір деңгейінен екіншісіне ауысуы кезінде қолданылатын балабақша мен мектептің өзара әрекеттесу алгоритмі (1-бөлім):

1. Балабақша тәрбиешісі оқу жылының басында, мектепке дейінгі дайындық кезеңінде ата-аналардан ерекше білім беруді қажет ететін баласының қай мектепке түсуді жоспарлап отырғаны туралы ақпарат алады. Ерекше білім беруді қажет ететін болашақ бірінші сынып оқушысы қайда оқитынын анықтап, педагог балабақша меңгерушісіне немесе әдіскеріне хабарлайды (тамыз-қыркүйек). Ата-аналарға көмектесу үшін балабақша инклюзивті тәжірибені енгізу тәжірибесі бар орта мектептердің тізімін ұсына алады. Бұл тізімді облыстық білім басқармасы алдын ала береді. Тізімде әрбір мектептің ресурстары (кадрлар, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, технология) туралы ақпарат бар. Ата-аналар өздерінің қай мектепті таңдағаны жөніндегі шешімін айтады.



2. Балабақша байланыс орнату үшін мектепке сұраныс жасайды (тамыз-қыркүйек). Байланыс орнату қажет:

- балабақша тарапынан: мектепке дайындалып жатқан ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тізімін беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір баланың психофизикалық даму динамикасы, бала оқытылатын оқу бағдарламасы, тәрбие мен оқытудың мазмұны мен әдістері, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру, арнайы білім беру жағдайларын қамтамасыз ету, ата-аналармен жұмыс жасаудағы ерекшеліктер жайында мектептегі әрістестерін ақпараттандыру;
- мектеп тарапынан: ерекше білім беруді қажет ететін баланың мектепке түсу фактісін растау, ерекше білім беруді қажет ететін баланың психофизикалық даму ерекшеліктері, бала оқытылатын оқу бағдарламасы, оқыту мазмұны мен әдістері, психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, ерекше білім беруді қажет ететін баланың психофизикалық дамуы мен оқу үлгерімін қадағалау, ерекше білім беруді қажет ететін баланың ата-аналарымен жұмыс істеу ерекшеліктері.

7-кіріктіріме. Дереккөз: Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету: әдістемелік ұсынымдар.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар білім берудің бір деңгейінен екіншісіне ауысқанда қолданылатын балабақша мен мектептің өзара әрекеттесу алгоритмі (2-бөлім):

3. Оң жауап алған балабақша мектепке талқылау жасауды және ынтымақтастық туралы келісім жасауды ұсынады (қыркүйек). Келісімшартта ынтымақтастықтың мақсаты, балабақша мен мектептің алдағы жылға құқықтары мен міндеттері көрсетіледі (3-бөлім). Ынтымақтастықтан бас тартқан жағдайда мектеп себептерін көрсете отырып, жазбаша жауап береді. Бұл баланың мектеп қызмет көрсететін аумақта тұрғылықты жерінің болмауы, білім алу үшін арнайы жағдайлардың болмауы және т.б. болуы мүмкін.



4. Ынтымақтастық келісімі негізінде балабақша мен мектеп бірлескен іс-шаралар жоспарын жасайды (қыркүйек).

Жоспар балабақшалар мен мектептердің жұмысында сабақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған, біртұтас білім беру кеңістігін ұйымдастыруға бағытталған және оқытуда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің бірізді білім беру технологияларын, нысандарын, әдістерін пайдалануды, тәрбиелеу және дамыту процесі. Жоспар құру кезінде жоспарланған іс-шаралар мұқият талданады, оларды жүзеге асырудың тиімділігі және оқу процесін ұйымдастырудың жоспарланған әдістерін, технологияларын, нысандары мен әдістерін қолданудың орындылығы үшін болжамдар әзірленеді.

Бірлескен қызмет түрлері 3-бөлімде көрсетілген.

Жоспар құруға мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналары қатысады.

Жоспар бала мектепке барар алдында бір оқу жылына құрылады және оны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен балабақша меңгерушісі бекітеді.

8-кірістірме. Дереккөз: Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету: әдістемелік ұсынымдар.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар білім берудің бір деңгейінен екіншісіне ауысқанда қолданылатын балабақша мен мектептің өзара әрекеттесу алгоритмі (3-бөлім):

5. Балабақша мен мектеп бірлескен іс-шаралар жоспарын жүзеге асырады (қыркүйек-мамыр).
Жоспарды іске асырудың маңызды шарты балабақша мен мектептің сабақтастықты жүзеге асырудың мақсаттары, міндеттері мен мазмұнын нақты түсінуі, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары мен жалпы білім беретін мектептердің педагогтары арасындағы іскерлік ынтымақтастық болып табылады. Жоспар қолда бар білім беру ресурстарын (басқару, кадр, материалдық-техникалық, технологиялық және т. б.) пайдалану негізінде іске асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен мамандары жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне ерекше білім беруді қажет ететін балалармен оқу-тәрбие және дамыту жұмысының ерекшеліктері туралы хабарлайды. Өз кезегінде, мұғалімдер мен мектеп мамандары ерекше білім беруді қажет ететін болашақ бірінші сынып оқушыларында туындайтын қиындықтары туралы біледі, балабақшада психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бағыттары мен әдістерімен танысады және мүмкін болатын қиындықтардың алдын алу және оларды мектепте оқу кезеңінде минимумға дейін жеткізу мақсатында өз жұмыстарын мақсатты түрде жасайды.



6. Балабақша мен мектеп бірлескен кеңестерде сабақтастық қағидатын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың нәтижелерін зерттейді және талқылайды (тиімділікті бірлесіп талдау, проблемаларды анықтау, шешімдер әзірлеу және т.б.). Қажет болған жағдайда бірлескен іс-шаралар жоспарына (желтоқсан-қаңтар) түзетулер енгізіледі.



7. Балабақша мен мектеп талқылау нәтижелерін ескере отырып, бірлескен іс - шаралар жоспарын іске асыруды жалғастыруда (қаңтар-мамыр). Бұл тармақ 5-тармаққа ұқсас.

9-кірістірме. Дереккөз: Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету: әдістемелік ұсынымдар.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім берудің бір деңгейінен екінші деңгейіне көшіру кезінде қолданылатын, балабақша мен мектеп арасындағы өзара атқарылатын жұмыстар алгоритмі (4-бөлім):

8. Балабақша мен мектеп бірлескен отырыстарда сабақтастық принципін қамтамасыз ету бойынша жұмыс нәтижелерін зерделейді және талқылайды (тиімділікті бірлесіп талдау, проблемаларды анықтау, шешу жолдарын әзірлеу және т.б.) (мамыр).

Бірлескен іс-шаралар жоспары жүзеге асты деп есептеледі, егер:

- тәрбиешілер мектептің талаптарын, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектепте оқуға дайындау міндеттерін толыққанды түсінеді және оларды сәтті орындайды;

- мұғалімдер балабақша мұғалімдерінің міндеттерін, жұмыстарының мазмұнын және әдістерін зерттейді, бұл мектептің оқу процесінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға әсер ету әдістерінде сабақтастықты сәтті орнатуға ықпал етеді;

- мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметтерінің мамандары ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің бірыңғай желісін құрады.



9. Ерекше білім беруді қажет ететін бала бірінші сыныпқа түскеннен кейін, балабақша мен мектеп алдыңғы кезеңде алынған нәтижелерді ескере отырып, ынтымақтастық туралы шартты және бірлескен іс-шаралар жоспарын жаңартады (бірінші сыныптағы баланы оқытудың қыркүйек-мамыр).

Ерекше білім беруді қажет ететін бала басқа мектепке түскен жағдайда, ата-аналар бұл туралы балабақшаға жаңа мектеппен байланыс орнатып және білім берудің екі деңгейінің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің педагогтері мен мамандары арасындағы жұмыстың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін хабарлайды.

10-кірістірме. Дереккөз: инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету: әдістемелік ұсынымдар.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім берудің бір деңгейінен екінші деңгейіне көшіру кезінде қолданылатын балабақша мен мектеп арасындағы өзара жасалатын жұмыстар алгоритмі (5-бөлім):

10. Балабақша мен мектеп бірлескен іс-шаралар жоспарын жүзеге асырады (қыркүйек-мамыр).

Бұл тармақ 5-тармаққа ұқсас.

1-сыныпта ерекше білім беруді қажет ететін баланы оқыту процесінде:

- мұғалім ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшада алған білімдеріне, дағдыларына сүйенеді, мектепте одан әрі оқытуда белсенді қолданады;

- балабақша тәрбиешісі ерекше білім беруді қажет ететін бұрынғы тәрбиеленушілердің мектепке бейімделудегі қиындықтары мен жетістіктері туралы ақпарат алады, алған ақпаратты ерекше білім беруді қажет ететін болашақ бірінші сынып оқушыларымен жұмысында ескереді;

- жалпы білім беретін мектептердің ППҚҚ мамандары мектепалды даярлық кезеңінде ерекше білім беруді қажет ететін баланы психологиялық-педагогикалық тексеру материалдарын зерделейді, қажет болған жағдайда мектепке дейінгі ұйымдардың әріптестерінен қосымша ақпарат алады.



11. Балабақша мен мектеп бірлескен кеңестерде сабақтастық қағидатын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың нәтижелерін зерттейді және талқылайды (тиімділікті бірлесіп талдау, проблемаларды анықтау, шешімдер әзірлеу және т.б.) (желтоқсан-қаңтар). Ерекше білім беруді қажет ететін бала мектепте оқуға сәтті бейімделген жағдайда бірлескен іс-шаралар жоспарын іске асыру мерзімінен бұрын аяқталады. Сондай-ақ балабақша мен мектеп арасындағы ынтымақтастық туралы шарттың қолданылуы тоқтатылады.



12. Балабақша мен мектеп талқылау нәтижелерін ескере отырып, бірлескен іс-шаралар жоспарын іске асыруды жалғастыра береді (қаңтар-мамыр). Бұл тармақ 5-тармаққа ұқсас.



13. Балабақша мен мектеп бірлескен кеңестерде (мамыр) сабақтастық қағидатын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың нәтижелерін зерттейді және талқылайды. Нәтижелерді талқылағаннан кейін бірлескен іс-шаралар жоспары аяқталды деп жарияланады, балабақша мен мектеп арасындағы ынтымақтастық туралы шарттың қолданылуы тоқтатылады.

11-кірістірме. Дереккөз: Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету: әдістемелік ұсынымдар.

Зерттеуші Коржова мен әріптестері [28] мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға және бастауыш сыныпқа ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қабылдау кезінде сабақтастық принциптерін қамтамасыз етудің негіздерін атап өтті:

- ерекше білім беруді қажет ететін баланың дамуындағы оң динамика;
- ерекше білім беруді қажет ететін баланың мектепке жалпы дайындығы;
- мектеп ортасына сәтті бейімделуі;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдаудың үздіксіздігі;
- жалпы білім беретін мектептердің педагогтерін және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарын жалпы білім беру процесіне толыққанды кірістіру.

Сондай-ақ авторлар ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды одан әрі психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында жалпы білім беретін мектептердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің педагогтері мен мамандары арасында арнайы білім беру ұйымдарының педагогтерімен кәсіби байланыстар орнату қажеттігін атап өтеді. Мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектеп арасындағы өзара әрекеттер механизмінен басқа, зерттеушілер мүмкіндігі шектеулі балалардың арнайы мектепке дейінгі ұйымнан жалпы білім беретін мектепке дейінгі ерекшеліктерін келтіреді [28].

Осы кезеңде зерттеушілер анықтаған негізгі белгілер:

1. Жалпы білім беретін мектептің мектепалды даярлық сыныбында ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту.

Бұл кезеңде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы білім беретін мектептегі оқу жағдайына алғашқы бейімделуі, сонымен қатар олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін тереңдетіп зерттеу жүзеге асырылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды жалпы білім беретін мектепке қабылдау кезінде баланың ата-аналары (заңды өкілдері) «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығын басшылыққа алады [29].

Осы бұйрықтың 7-тармағына сәйкес баланың немесе білім алушының ата-аналарына (заңды өкілдеріне) баланың немесе білім алушының қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып және қабылдау шарттарына сәйкес білім беру ұйымын таңдау құқығы беріледі [29].

2. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар арасындағы айырмашылықтар олардың оқудағы қиындықтарының ауырлығына байланысты.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы қиындықтардың ауырлығына авторлар баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ақпаратты қабылдау және әлеуметтену қабілетінің жоқтығы жатады деп есептейді. Сондай-ақ арнайы дағдыларды игеру арқылы өз қиындықтарын жеңе алатындығын айтады. Сонымен бірге авторлар ерекше білім беруді қажет ететін баланы оқытудағы айқын қиындықтар оның мектепке бейімделуіне кедергі емес екенін атап өтті. Бейімделудің ең маңызды көрсеткіші – мектептегі баланың психологиялық жайлылық дәрежесі. Оны мұғалімдер мен мамандар баланың ойын ойнау процесінде, сыныптан тыс уақытта, үйірмеге қатысуы кезінде, аулада және басқа да бейресми жағдайда құрдастарымен қарым-қатынас кезінде зерттейді.

3. Мектепке дейінгі ұйымның түлегі болып табылатын ерекше білімді қажет ететін балаға арналған жалпы білім беретін мектепті таңдау туралы шешімді ПМПК ұсынымдарын ескере отырып, баланың ата-анасы (заңды өкілдері) қабылдайды.

БҒМ № 385 [16] бұйрығымен бекітілген арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 47-тармағына сәйкес білім алушыларды баланың ата-анасының (заңды өкілдерінің) келісімімен ПМПК қорытындысы негізінде білім беруді басқару органдары арнаулы мектептен/сыныптан басқа білім беру ұйымына ауыстырады.

Осы кезеңдегі ПМПК мамандарының функциясына білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оның ішінде оқу бағдарламасының түрін анықтау, сондай-ақ білім алу үшін арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау және басқа да арнайы жағдайлар алу қажеттілігі кіреді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы мектепке қабылдау кезінде орта білім беру ұйымы балаға мектепте ұсынылған жағдайлар жасауы керек.

4. Ерекше білім беруді қажет ететін баланы мектепке бейімдеу.

Ерекше білім беруді қажет ететін баланың мектепке бейімделу кезеңінде мұғалімнің оқу бағдарламасын меңгеру жөніндегі нұсқауын мүмкіндігі шектеулі баланың таңдап (толық емес) орындауына, сондай-ақ бала мінез-құлқының стереотиптік формаларын және бейімделмеген әсерлерін шығаруға жол беріледі (күлкі, жылау, айқайлау және т.б.). Бұл ретте, егер баланы оқытуда елеулі қиындықтар сақталса, Мемлекеттік білім инспекциясының шешімі негізінде баланың ата-анасына (заңды өкілдеріне) ПМПК мамандарының баланың оқу үлгерімін одан әрі бағалауы ұсынылады, оның нәтижелері бойынша. баланың одан әрі білім алу бағыты анықталады.

5. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу процесін дараландыру.

Баланың сапалы білім алуға тең қол жеткізу құқығын ескере отырып, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері білім беру процесін ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастыруы қажет.

Коржова мен оның әріптестері ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу-тәрбие процесін дараландырудың келесі формаларын анықтайды:

- үлгілік оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларына, оның ішінде балаға қиын болатын бөлімдерге, оқу материалының көлемі мен күрделілік дәрежесіне өзгерістер енгізу; қосымша тарауларды енгізу және т.б.;

- оқытудың баламалы, арнайы және нұсқалы әдістерін қолдану.

Оқыту әдістері ерекше білім беруді қажет ететін әрбір баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне байланысты әртүрлі дәрежеде бейімделеді. Психофизикалық қиындықтары бар балаларды оқытуда жалпы педагогикалық әдістермен қатар арнайы оқыту әдістері қолданылады. Педагогикалық және арнайы оқыту әдістері тиімсіз болған жағдайда әр балаға оның психофизикалық ерекшеліктерін және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, жеке таңдап алынатын балама оқыту әдістері қолданылады. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудың баламалы әдістерінің мысалдары:

- «Нумикон» техникасы (мөлшер туралы жаһандық қабылдауды қалыптастыру және санау операцияларын меңгеру үшін қолданылады);

- Мария Монтессори әдісі (ұсақ моториканы, ойлауды, сөйлеуді, есте сақтауды, зейінді дамыту үшін қолданылады);

- сөйлеу қабілеті зақымдалған балалар үшін баламалы қарым-қатынас әдістері (ым-ишара, белгілер, суреттер және т.б. қолдану);

- дамуында бірнеше қиындықтары бар балалармен тактильді белгілерді қолдану арқылы қарым-қатынас жасау;

- дидактикалық материалдарды іріктеу, балалардың танымдық даму ерекшеліктерін және ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін (көру, есту, сипап сезу және т.б.) ескере отырып, жеке оқу материалдарын дайындау.

6. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу жетістіктерін бағалау.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығының 15-тармағына сәйкес «ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау кезінде педагог сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды пайдаланады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемдеріне өзгерістер енгізеді» [30].

Бағалау критерийлерін педагог ерекше білім беруді қажет ететін баланың білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай анықтайды. Оқу тапсырмаларына (бақылау тапсырмаларының санын қысқарту, бақылау тапсырмаларын жекелендіру, көрнекі қолдаудың қосымша формаларын қосу), сондай-ақ бағалау рәсіміне (нұсқауларды жеңілдету, нұсқауларды қайталау, қосымша уақыт беру және т.б.) өзгертулер енгізуге болады.

7. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың сабақтастығы.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі Білім және ғылым министрлігінің №6 бұйрығымен бекітілген Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларымен реттеледі, оған сәйкес әрбір мектепке дейінгі, орта білім беру, кәсіптік оқыту ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылды, оның құрамына: әкімшілік, педагогикалық ұжым (мұғалімдер, тәрбиешілер, психолог (педагог-психолог), логопед (педагог-логопед), арнайы педагог, әлеуметтік педагог, ассистент педагог, білім беру қызметкерлері, оқушылар/білім алушылар, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар (балалар) және олардың ата-аналары (заңды өкілдері) [10].

Авторлар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету кезінде мамандардың (педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистент, арнайы педагогтер (логопед-мұғалімдер, дефектолог-мұғалімдер және т.б.) жалпы тәсілдер мен стратегияларды сақтауының маңыздылығын атап өтеді. Сондай-ақ оқу бағдарламасын меңгеру үшін балаға қажетті танымдық, коммуникативті, сөйлеу әрекетіндегі максималды динамиканы қамтамасыз ету керек. Әкімшілік пен ППҚК мамандары мектепте арнайы мұғалімдер болмаған жағдайда, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алатын арнайы білім беру ұйымдарымен үздіксіз байланыста болуы керек [28].

Коржова және оның әріптестері психологиялық-педагогикалық қолдаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін мамандарға қажетті келесі технологияларды анықтайды.

1) № 4 БҒМ бұйрығымен бекітілген **ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау** қағидаларына сәйкес бірінші кезеңде сыныпта тәрбиеші (мұғалім), екінші кезеңде ППҚК мамандары, үшінші кезеңде ПМПК мамандары бағалауды жүзеге асырады [12].

2) психологиялық-педагогикалық қолдаудың қолданылатын әдістері мен стратегиялары тиімсіз болған жағдайда, мектеп педагогтері әкімшілігі жобалау технологияларын жүзеге асырады (сабақты/сессияны құрастыру, психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы);

3) **ерекше білім беруді қажет ететін балалармен** педагогтер тек оқу-тәрбие үрдісінде ғана емес, сонымен қатар жеке дамыту сабақтарында жүргізетін дамыту жұмыстары.

Мамандар осы кезеңде анықтайды:

- білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің қажеттілігі мен жүйелілігі;

- мамандардың әр баламен жеке дамыту жұмыстарының бағыттары;

- сабақтың формасы (жеке немесе топтық);

- дамыту сабақтарының қарқындылығы мен ұзақтығы [28].

Әрбір маманның міндетіне оқудағы қиындықтарды жеңу үшін жеке даму бағдарламасының бағыттары мен мазмұнын нақтылау кіреді. Мынадай бағыттағы міндеттер жатады: сөйлеу дамуындағы қиындықтарды жеңу, психикалық функцияларды дамыту, оқу бағдарламасын игерудегі олқылықтардың орнын толтыру, ерекше білім беруді қажет ететін баланы жаңа оқу материалын зерттеуге дайындау, баланың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетінің негізгі алғышарттарын қалыптастыру.

Авторлар ерекше білім беруді қажет ететін баланың жалпы білім беретін мектепке сәтті бейімделуіне бағытталған негізгі факторлардың бірі ретінде білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасын көрсетеді. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін педагогтер мен мамандар ерекше білім беруді қажет ететін нақты баламен жұмыс істеу кезінде ортақ мақсаттарды, стратегияларды, принциптерді және тәсілдерді ұстануы керек. Жеке даму бағдарламасын жасау кезінде оның мазмұнын ерекше білім беруді қажет ететін баланың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) келісу керек. Сондай-ақ олардың бағдарламаны іске асыруға қатысу дәрежесін талқылау қажет.

4) *мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету.*

Коржова мен әріптестері инклюзивті тәжірибені енгізудегі мұғалімнің рөлін ескере отырып, мұғалімдерге кәсіби психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің маңыздылығын атап өтеді, ол келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- семинарлар, тренингтер, консультациялар, біліктілікті арттыру курстары кезінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда педагогтердің психологиялық-педагогикалық құзыреттерін дамыту;

- инклюзивті тәжірибені жүзеге асырушы мамандар мен мұғалімдердің топтық жұмысы (ақпарат алмасу, ата-аналармен, мұғалімдермен кеңесу, сабаққа өзара қатысу, дамытушылық іс-шаралар, бірлескен әңгімелер, балалармен, ата-аналармен сабақтан тыс жұмыстар және т.б.).

5) ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Авторлар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің келесі бағыттарын атап көрсетеді:

-инклюзивті білім беру құндылықтарын ілгерілету, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қатысты ата-аналардың жағымсыз көзқарастарын еңсеру, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды құрдастарымен бірлесіп оқыту идеясын қалыптастыру мақсатында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру. (ақпаратты стендтерге және білім беру ұйымдарының веб-сайттарына ұйымдастыру, ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу, талқылаулар, әңгімелесулер ұйымдастыру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы фото, бейнерепортаждарды бірлесіп қарау және т.б.);

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктерін анықтау (әңгімелесу, сауалнама жүргізу және т.б.);

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттыру (мамандардың жеке және топтық кеңестері, мамандардың тақырыптық баяндамалары, жеке даму бағдарламаларының мазмұнын бірлесіп талқылау және т.б.)) [28].

8. Оқу-дамыту ортасының сабақтастығы.

Жалпы білім беретін мектептердің педагогтері ерекше білім беруді қажет ететін, арнайы мектепке дейінгі ұйымның түлектерінің мектепке сәтті бейімделуі үшін барынша қолайлы оқу мен даму ортасын құруы керек.

Бұл ортаны қалыптастыру үшін мыналарды жасау қажет:

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектепке және оның ішіне кедергісіз кіруін қамтамасыз ету (пандустар, тұтқалар, көтергіштер, лифттер, арнайы жабдықталған санитарлық бөлмелер, арнайы оқу жиһаздары, кеңейтілген есік ойықтары және т.б.);

- ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу кеңістігін оның жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу (көру қабілеті зақымдалған балалар үшін оңтайлы жарықтандырылған жұмыс орны; есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған заманауи дыбыс күшейтетін жабдықты

пайдалану, бала мұғалімнің артикуляциясын қабылдауы үшін қажетті жарықтандыруды дайындауы т.б.).

Білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогтері ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жұмыс орнын дайындау және қолайлы білім беру, дамыту ортасын құру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алуы тиіс [31].

9. Білім арудың ерекше жағдайларын қадағалау.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектептің жалпы оқу-тәрбие процесіне тиімді енгізуге кедергі келтіретін кедергілер анықталған жағдайда мектеп әкімшілігі, мұғалімдері мен мамандары білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізеді. Білім алушылардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімін ескере отырып жасалады.

Авторлар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың арнайы мектепке дейінгі ұйымнан жалпы білім беретін мектепке ауысуы кезінде болатын ерекшеліктері: «ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымнан жалпы білім беретін мектепке ауысуында, сондай-ақ бұрын мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған балаларды мектептің жалпы білім беру процесіне қосу кезінде де тән» екенін атап өтті [28].

Г.М. Коржова мен оның әріптестерінің инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдарын қарастыра отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы және ерекше білім беруді қажет ететін баланың білім берудің бір деңгейінен екіншісіне өтуі кезінде білім беру процесінің барлық қатысушыларының жүйелі өзара әрекеттесуі маңызды деп тұжырым жасауға болады.

Үздіксіз инклюзивті білім беру саласындағы зерттеушілер мен практиктер үшін үлкен ғылыми қызығушылық тудыратын ғылыми жұмыстар Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2021, 2023 жылы жүргізген зерттеулер болды [32, 15, 6].

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы аясында Инклюзивті білім беру орталығының қызметкерлері 2021 жылы Қазақстандағы орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім берудің жай-күйін анықтау мақсатында алғашқы зерттеу жүргізді. Google Forms

платформасын пайдалана отырып, мұғалімдер, ата-аналар, ПМПК және ППТК мамандары арасында жүргізілген сауалнамаға 14 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаладан 16 763 мұғалім, 51 412 ата-ана, 723 ПМПК маманы және 1822 ҚППК маманы қатысты. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО), психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің (ППТК) мамандарымен, үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) өкілдерімен сұхбат жүргізілді. Зерттеудің негізгі зерттеу сұрақтары: «Қазіргі уақытта Қазақстандағы инклюзивті білім берудің жағдайы қандай? Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша Үкімет алға қойған мақсаттарға жетуі үшін не істеу керек?»

Зерттеу нәтижелері бойынша мұғалімдердің инклюзивті білім беруді енгізу барысында кездесетін қиындықтары анықталды:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға (тұлғаларға) қатысты қоғамда инклюзивті мәдениет толық қалыптаспаған;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқуға жарамсыз деп тану жағдайлары;

- жалпы білім беретін мектеп директорлары мен мұғалімдерінің көпшілігінің мүмкіндігі шектеулі балалардың проблемаларына білімдері жеткіліксіз және оларды жалпы сыныптарда оқу процесіне қосуға дайын емес;

- ерекше білім беруді қажет ететін және/немесе мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары балалардың білім алу құқықтарына қатысты құқықтық құзыреттіліктерінің жеткіліксіздігінен білім беру және әлеуметтік қолдау жүйелерінен жасқанады;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қабылдау үшін білім беру ұйымдарының сәулеттік қолжетімділігінің жеткіліксіздігі.

Мұғалімдер, ата-аналар, ПМПК және ППТК мамандары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде ұйымдастыру жұмыстары жеткіліксіз екенін көрсетеді:

- ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдер санының төмендігі – респонденттердің жартысына жуығы ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу тәжірибесі жоқ деп жауап берді немесе сұраққа жауап беру қиынға соқты;

- мұғалімдердің көмекшілермен жұмыс істеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі – респонденттердің 81%;

- мұғалімдердің ПМПК жұмысы туралы толық хабардар болмауы – мұғалімдердің 37%;

- ерекше білім беруді қажет ететін баланы қолдаудың қолжетімді қызметтері туралы ақпараттандыру бойынша педагогтердің ата-аналармен әлсіз жұмысы –

ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарының 40%-ы ПМПК жұмысы туралы білмейді, ата-аналардың 43 %-ы ППТК қызметі туралы және 49%-ы ОО қызметі туралы білмейді;

- оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасының мазмұнын әзірлеуге ата-аналардың толық қатыспауы – ата-аналардың 43%-ы;

- мектептерде инклюзивті білім беруді дамытуға қосқан үлесі бойынша жергілікті атқарушы билік пен ҮЕҰ жұмыстары оң деп баға берілді [32].

Зерттеу қорытындысы бойынша Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА инклюзивті білім берудің барлық аспектілері: инклюзивті мәдениетті, инклюзивті саясатты және инклюзивті тәжірибені дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі, оларды ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру процесінің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім берудің барлық деңгейлерінің педагогтері пайдалана алады.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА Инклюзивті білім беру орталығы қызметкерлері педагогтерге ұсынған инклюзивті тәжірибені дамыту жөніндегі ұсынымдардың бірі – инклюзивті білім беру ортасына қол жеткізу саласындағы мектептің қызметіне мониторинг жүргізу және бағалау жөніндегі құралы (2-кесте) [32, 392-396 б.]. Бұл ұсыным ҚР инклюзивті білім беру мониторингі шеңберін талдау [33] және британдық Бут пен Эйнскоу ғалымдар әзірлеген инклюзия индексі негізінде әзірленген [34].

2-кесте. Инклюзия көрсеткіштеріне сәйкес инклюзивті орта құру бойынша мектептің қызметін мониторингілеу және бағалау деректерін толтыруға арналған үлгі.

№	Индикаторлар	Келісемін	Жауап беруге қиналамын	Келіспеймін
	Балдар	2	1	0
Жалпы мәліметтер				
1	Біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, себебі бізде ерекше білім беруді қажет ететін балалар оқиды			
2	Біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, себебі бізде			

	балалардың барлық категорияларына барлық жағдайлар жасалған			
3	Біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, себебі бізде барлық педагогтер инклюзивті ортада жұмыс істеу бойынша оқудан өткен			
Инклюзивті саясат				
4	Біздің мектеп әр бала үшін ашық			
5	Инклюзивтілік саясаты білім беру процесінің барлық қатысушылары тарапынан сақталады			
6	Мектеп практикасы буллингке қарсы тұруға және қауіпсіз психологиялық ортаны құруға бағытталған			
7	Біздің мектеп білім алушыларға оқытудың келесі деңгейіне өтуде немесе басқа білім беру ортасына ауысуда бейімделуде көмектеседі			
8	Біздің мектепте білім алушылардың бағдарламадан қалып қоюына және сабақтан қалуына жол бермеу			

	бойынша жұмыстар жүргізілуде			
9	Мектептен шығарудың алдын алу үшін мектепте ЕБҚ бар балалардың ата-аналарымен жұмыс жүргізілуде			
	Мектеп, сыныптастар, педагогтер тарапынан қажетті қолдаудың (логопед, психолог, дефектолог және т. б.) мектепте болмауы себебінен ЕБҚ бар балалардың мектептен кету жағдайлары жоқ			
	Бастауыш сыныптардағы ЕБҚ бар барлық балалар мектеп ішіндегі орта сыныптарға сәтті өтті			
10	Мектеп инклюзивті білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби дамуына мүмкіндік береді			
	Инклюзивті мәдениет			
11	Мектеп жалпы инклюзивті құндылықтардың дамуына ықпал етеді			
	Мектепте толеранттылық пен өзара сыйластық қағидалары сақталады			
	Мектепте кемсітушілік байқалмайды			

12	Мектеп білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды ынталандырады			
13	Ата-аналар білім беру процесінің мәселелері бойынша шешім қабылдау процесіне белсенді қатысады			
	Мектеп балалардың нәтижелерін жақсарту үшін ата-аналармен серіктеседі			
14	Барлық білім алушылар бір-біріне көмектеседі			
	Педагогтер мен қызметкерлер ұжымда бір-бірімен өзара әрекеттеседі			
	Барлық жергілікті қауымдастық мектеп қызметіне тартылған			
	Ұжым, әкімшілік, білім алушылар және ата-аналар (заңды өкілдер) инклюзия философиясын сақтайды			
	Ұжым білім беру жолындағы кедергілерді жою және мектеп өмірінің барлық аспектілеріне қатысу үшін барлық шараларды қабылдайды			
	Инклюзивті практика			
15	Мектеп барлық білім алушылар үшін сапалы			

	білім алу үшін тең мүмкіндіктерді ұсынады			
16	Мектеп білім алушылардың үлгерімі мен жетістіктерінің мониторингін жүргізеді			
	Бағалау жеке білім алушылығының прогресінің өзгеруін өлшеу мақсатында жекелендіріліген			
17	Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін барлық балаларды оқыту үшін қажетті барлық материалдық-техникалық жағдайлар жасалған			
18	Мектепте балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін қанағаттандыру үшін барлық жағдайлар жасалған			
19	Мектепте білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі тиімді жұмыс істейді			
20	Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмектесу үшін педагог-ассистенттер бар			
21	Барлық педагогтер мектеп басшылығы және психологиялық-			

	педагогикалық қолдау қызметі тарапынан ЕБҚ бар білім алушылармен жұмыста көмекке (супервизия) ие			
22	Мектеп бақса білім беру ұйымдарымен, қоғамдық бірлестіктермен серіктестікті қолдайды бастамашылық жасайды.			
23	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мектепті бітірген соң колледждерге, ЖОО-ларға оқуға түседі			
24	Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп түлектері жұмысқа орналасады			
	ҚОРЫТЫНДЫ	Оң және әлсіз жақтарды анықтау үшін әр бағандағы баллдар санын есептеңіз		
	ЖАЛПЫ			
	САЯСАТ			
	МӘДЕНИЕТ			
	ПРАКТИКА			

Мониторинг қорытындылары бойынша шешімдер шығару, инклюзивті білім беру ортасын құру бойынша мектеп қызметіне әділ баға беру, мұндайда оң және теріс жақтарымен қатар алдағы уақытта даму үшін мүмкіндіктерді ерекшелеу, ынталандыру жүйесін қарастыру, сонымен қатар инклюзивті мектепті дамыту жоспарына қажетті түзетулер енгізу ұсынылады.

Зерттеушілер әкімшіліктің жүргізген мониторингінің қорытындысы бойынша педагогтерге қорытындыларды тұжырымдауға, өз мектебінің инклюзивті білім беру ортасын құру жөніндегі қызметіне бейтарап баға беруге, оң және теріс жақтарын бөліп көрсетуге, одан әрі даму үшін мүмкіндіктерді айқындауға, көтермелеу жүйесін қарастыруға, сондай-ақ инклюзивті мектептің

даму жоспарына қажетті түзетулер енгізуге шақырылатынын атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалауына ұқсас, зерттеушілер ұсынған құралды мектепке дейінгі ұйымдардың, ТжКОББ ұйымдарының педагогтері инклюзивті білім беру ортасын құру жөніндегі қызметті бағалау үшін де пайдалана алады немесе бейімдей алады [32].

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА Инклюзивті білім беру орталығы қызметкерлері жүргізген келесі маңызды зерттеу орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын зерделеу болды [15]. Зерттеу нәтижелері бойынша инклюзивті білім беру ортасын құру бойынша мұғалімдердің, әкімшіліктің және ата-аналардың пәнаралық әлсіз өзара іс-қимылы анықталды. Сонымен, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен бірлескен жұмыс және олардың психологиялық-педагогикалық қолдауы тек екі сұхбат берушінің (6%) сөзінде айтылды. Зерттеудің тағы бір маңызды нәтижесі – мұғалімдердің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуға жеткіліксіз дайындығы. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің тек 80 %-ы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сабақ беру үшін аздаған арнайы білімі бар екенін, 20%-ы арнайы білімінің жоқтығы туралы хабарлады. Бірде-бір респондент ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу үшін оның арнайы білімі жеткілікті екенін айтпады [15]. Анықталған нәтижелер PISA-2018 халықаралық зерттеуінің қазақстандық мектеп директорларының жауаптары негізінде тұжырымдалған ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту бойынша педагогтерге үздіксіз консультациялық әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігіне қатысты қорытындыларын растайды. Сондай-ақ олар педагогтер ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қажеттіліктерін қанағаттандырмайтынын (61%), бұл ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштен 2 есе жоғары екенін атап өтті [35].

Жалпы алғанда, 2021 жылы Инклюзивті білім беру орталығы жүргізген зерттеулердің нәтижелері мынаны көрсетеді:

- Мұғалімдердің 70%-ы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке оқу жоспарларын жасауда қиындықтарға тап болады;

- Мектеп директорларының 57%-ы балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс сапасының төмендігі туралы хабарлады;

- Қатысқан сабақтардың 40%-ы оқу процесінде балалардың жеке мүмкіндіктері мен қабілеттері ескерілмейтінін көрсетті;

- Директорлардың 37%-ы инклюзивті білім беру мәселелері бойынша пән мұғалімдерін әдістемелік қолдаудың өзектілігін атап өтті;

- Мұғалімдердің 80%-ы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сабақ беру үшін минималды білімі бар екенін көрсетті.

Сонымен қатар мектептерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары олардың педагог-ассистенттің, әлеуметтік педагогтің қызметі туралы түсініксіз түсініктері қалыптасқанын; мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен кәсіби бағдарлау жұмысының тәжірибесі жинақталмағанын хабарлады.

Инклюзивті білім беру орталығы зерттеулерінің қорытындысы бойынша халықаралық және елдегі жинақталған тәжірибені ескере отырып, проблемаларды кезең-кезеңімен шешудің мектептегі 3 процесін қамтитын білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдау моделі әзірленді [36] (1-сурет):

- сыныпта, барлық балаларға (пән мұғалімдері) – саралау және даралау, оқу бағдарламаларын бейімдеу, әмбебап оқу дизайны (UDL);

- мектепте, кейбір балаларға (ППҚК) – жеке оқу жоспары, жеке оқу бағдарламасы;

- жеке сырттан қолдау көрсету (сыртқы мамандар) – түзету-дамыту сабақтары (сурдопедагог, тифлопедагог және т. б.)

Балаға бағытталған педагогика мұғалімдерге барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу қажеттіліктеріне жауап беруге мүмкіндік береді.



1-сурет. Проблемаларды кезең-кезеңімен шешудің мектептегі 3 процесін қамтитын оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау моделі

2023 жылдың тамыз айында мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігі, педагогтері, тәрбиеленушілері мен білім алушыларының ата-аналары арасында Академия жүргізген сауалнаманы талдау нәтижесі білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау процесін іске асырудағы білім беру ұйымдары басшыларының басты рөлін көрсетті [6].

Бұл ретте, мектепке дейінгі ұйымдар (50,9%) және жалпы білім беретін мектептер (53%) басшыларының көпшілігі білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің қызметіне жоғары баға бергеніне қарамастан, оның мазмұнын түсінбеуіне байланысты білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыруда әкімшілік пен мұғалімдердің қиындықтары анықталды. Бұл қиындықтар барлық балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берудегі қажеттіліктерін есепке алуға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің мазмұнын түсінбеуге байланысты орын алуда [6].

Бұл нәтижелер ҰБА 2021 жылы өткізген жалпы білім беретін мектептердің білім алушыларын психологиялық-педагогикалық қолдауды мониторингілеудің нәтижелерімен сәйкеседі. Әртүрлі факторларға байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық топтарын психологиялық-педагогикалық қолдаумен толық қамтылмауы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеудегі көптеген педагогтердің қиындықтарын, мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы қолдау көрсету үшін арнайы педагогтардың тапшылығын анықталды [32, 15].

Жалпы білім беретін мектеп директорларының көпшілігінің пікірінше, инклюзивті тәжірибені енгізуге кедергі келтіретін негізгі факторлар:

- педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психофизикалық ерекшеліктері туралы арнайы білімінің болмауы (респонденттердің 13,2%);

- ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге толық қатыспауы (респонденттердің 12,9%);

- педагогтердің үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарларын бейімдеуде, жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларын жасауда құзыреттерінің болмауы (респонденттердің 9,8%);

- мектеп тарапынан балаларға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің консультациялық көмегі жеткіліксіз (педагог-психологтар, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер) (респонденттердің 9,3%);

- арнайы педагогтердің тапшылығы (логопед-мұғалімдер, дефектолог-мұғалімдер, тифлопедагог-мұғалімдер, сурдопедагог-мұғалімдер) (респонденттердің 8,0%) [6].

Мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының пікірінше, мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті тәжірибені енгізуге мынадай факторлар кедергі келтіреді:

- ата-аналардың балаларды кешенді тексеру үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мамандарына жүгінгісі келмеуі (14,6 %);

- жалпы топта ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін арнайы жағдайлардың болмауы (11,1 %);

- педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психофизикалық ерекшеліктері туралы арнайы білімінің болмауы (11,0 %);

- ата-аналардың баланы тәрбиелеуге және оқытуға толық қатыспауы (10,9 %);

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы топтардың болмауы (10,0 %) [6].

Қазақстандық мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарының жоғарыда келтірілген тәжірибесі ПМПК қорытындысы бар мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін, негізінен арнайы жағдайлар жасауы, **психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруы**, жүйесіз сипатта екенін көрсетеді. Бұл ретте инклюзивті процестің қалған субъектілері – тәрбиеленушілердің, білім алушылардың басқа топтары, ата-аналар, тәрбиешілер, педагогтер, сынып жетекшілері, әкімшілік жеткілікті назардан тыс қалады. Мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін баланың проблемаларына жүйелі көзқарас жоқ, оны сүйемелдеу жекелеген мамандардың күшімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар инклюзивті білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін мектептердің барлық деңгейдегі ұйымдармен өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі байқалады.

Инклюзивті білім беруді дамытудағы елеулі жетістіктерге қарамастан, оның тиімділігінің кедергісі балабақшаға түсуден бастап жұмысқа орналасуға дейінгі тігінен де, көлденеңінен де ерекше білім беруді қажет ететін баланы білім беру кеңістігіне «қосу» процесіне бірді-екілі мамандар тартылатын, білім беру ұйымы іс-әрекеттерінің бытыраңқылығы болып табылады.

Анықталған проблемалар инклюзивті білім беру жүйесіндегі білім беру қызметінің барлық субъектілерінің пәнаралық өзара іс-қимыл тетіктерін іздеуді және олардың қатысушыларының кезең-кезеңімен, өзара іс-қимыл алгоритмімен, инклюзивті процестің кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау моделін әзірлеуді өзектендіреді. Бұл өзара іс-қимылдың бір мысалы, Коржовамен оның әріптестері көрсеткен балабақша мен мектеп арасындағы өзара іс-қимыл алгоритмі, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім берудің бір деңгейінен екіншісіне көшіру кезінде қолданылады [28].

Инклюзивті процесті кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау моделін әзірлеу кезінде жоғарыда сипатталған қазақстандық зерттеулердің нәтижелерінен басқа, инклюзивті тәжірибелерді енгізу бойынша өңірлердің тәжірибесін пайдалану маңызды деп болжанады. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыру бойынша табысты мысалдардың бірі – Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі қызметінің негізінде, инклюзивті білім беруді енгізу бойынша әртүрлі құрылымдардың өзара іс-қимылының өңірлік моделін қолдану тәжірибесі [37]. Үйлестіру кеңесі қызметінің мақсаты – инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау процесіне тартылған барлық құрылымдардың іс-қимылдарын ретке келтіру және үйлестіру; мемлекеттік білім беруді басқару органдары, білім беру ұйымдары үшін инклюзивті білім берудің жағдайын жақсарту және дамыту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу [37, 38]. Ақмола облысы әкімдігі жанындағы аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды кешенді қолдау жөніндегі жұмыс тобы әзірлеген 2019-2024 жылдарға арналған аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды кешенді қолдау жөніндегі жоспардың мысалында зерттеушілер Ақмола облысы білім басқармасының және Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмысында ведомствоаралық және жүйелі тәсілдерді қолданудың тиімділігін көрсетеді [39].

Инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ресурстық орталықтың тәжірибесіне сүйене отырып, Ақмола облысының педагогтері инклюзивті процесті психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі принциптерін анықтады:

- 1) үздіксіздік;
 - 2) жүйелілік;
 - 3) жеке тұғыр;
 - 4) білім беру процесінің барлық қатысушыларының жағымды эмоциялық әл-ауқатын қамтамасыз ету;
 - 5) қолдау мамандары тобының пәнаралық өзара қарым-қатынас жасауы;
- [40].

Қазақстандық инклюзивті саясаттың посткеңестік кеңістіктегі [13] елдердегі инклюзивті білім беру саясатымен ортақ белгілері бар екенін ескере отырып, педагогтер мен білім беру ұйымдары әкімшілігінің назарына ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша ресейлік ғалымдардың зерттеулері ұсынылды.

Зерттеушілер С.В. Алёхина, М.М. Семаго, Н.Я. Семаго ерекше білім беруді қажет ететін баланы психологиялық-педагогикалық қолдау жеке білім беру

бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатынын және инклюзивті білім беру ортасының барлық субъектілеріне қолдау көрсетуді көздейтінін атап көрсетеді [41].

Білім берудің барлық деңгейлерінде үздіксіздік пен сабақтастық принциптерін енгізу қажеттілігін ресейлік ғалымдар Невзоров, Загузина және Боков та атап өтеді. Олар халықаралық зерттеулерге және даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алуына жағдай жасау жағдайына талдау жасай отырып, олар үшін үздіксіз инклюзивті білім берудің сатылы моделін әзірледі [42].

Бұл модельдің бірінші кезеңінде балалардың психофизикалық дамуындағы зақымдары анықталып, бала дамуының бастапқы кезеңінде (туылғаннан 3 жасқа дейінгі балалар) педагогикалық-түзету жұмыстары жүргізіледі.

Екінші кезеңде білім беру ұйымдары психофизикалық ақауы бар балаларды бастауыш, жалпы, орта және қосымша инклюзивті біліммен (соның ішінде қашықтықтан оқытумен) қамтамасыз етеді.

Үшінші кезеңде білім беру ұйымдары инклюзивті арнаулы орта білім беруді және кәсіптік жоғары білім беруді, оның ішінде қашықтықтан оқытуды да қамтамасыз етеді.

Төртінші кезеңде арнайы білімі бар түлектерді жұмысқа орналастыру жүзеге асырылады [42].

Авторлар үздіксіз инклюзивті білім берудің барлық сатыларындағы маңызды компоненттердің бірі болып табылатын мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау процесін жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтеді [42]. Жалпы, қазақстандық әріптестер сияқты, ресейлік ғалымдар инклюзивті білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығы қағидаттарын тиімді іске асырудың міндетті шарты ретінде үздіксіз инклюзивті білім берудің ресурстық орталығын құруды қарастырады. Бұл орталық, ғалымдардың пікірінше, сатылы модельді іске асырудың барлық кезеңдерінде білім беру процесінің барлық қатысушыларының тиімді өзара іс-әрекетіне ықпал етеді, бұл мүмкіндігі шектеулі жандарға үздіксіз сапалы білім беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [42].

Зерттеушілер Алехина мен Вачков инклюзивті үдерістің психологиялық-педагогикалық қолдауын инклюзивті білім берудің іргелі құрамдас бөліктерінің бірі ретінде, сондай-ақ оны табысты жүзеге асырудың негізгі факторы ретінде қарастырады [43]. Зерттеушілер даму жағдайында білім беруді психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің әдістемелік тәсілдерін талдайды. Сонымен қатар негізгі теориялық және әдістемелік ережелер мен тұжырымдамаларға шолу жасайды. Осылайша, авторлар мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосудың ең тиімді үлгісі ретінде инклюзия процесін түсіну

керектігіне назар аударады. Алехина мен Вачков инклюзивті модельдің артықшылықтарына назар аудара отырып, инклюзия, сегрегация және интеграция арасындағы айырмашылықты келтіреді, оған сәйкес мүмкіндігі шектеулі бала білім беру жүйесіне бейімделуі керек, ал білім беру жүйесі баланың қажеттіліктеріне сәйкес өзгеруі керек [43]. Сондай-ақ, зерттеушілер психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің әдістемелік тәсілдерін анықтау кезінде мүмкіндігі шектеулі балаларды ғана емес, сонымен қатар оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың барлығына психологиялық-педагогикалық қолдауға жағдай жасаудың маңыздылығын атап көрсетеді [43].

«Қолдау» ұғымын ғалымдар «өзіндік технологиялық және мазмұны бар жүйелік процес» [43] деп түсінеді. Қолдау процесі білім беру технологиясы ретінде жүйеге бағытталған тәсілге негізделген, оған сәйкес «әрбір нақты жағдайда баланың даму проблемасының тасымалдаушысы баланың өзі, оның ата-анасы, мұғалімдері және жақын ортасы» [44]. Бұл тұрғыда, авторлар атап өткендей, психологиялық-педагогикалық қолдау процесі тек балаға ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің басқа қатысушыларына да қатысты қарастырылады.

Зерттеуші Г.А. Берулава «қолдауды» тұлға дамуының субъективті парадигмасы тұрғысынан қарастырады. Бұл парадигмаға сәйкес қолдаудың мақсаты баланың жеке басының дамуына жағдай жасау болып табылады [45].

Ғалымдар Алехин мен Вачков М.Р. Битянованың [46] ғылыми ұстанымын мысалға келтіреді. Қолдауды «баланың мүмкіндіктерін барынша ашуға және жас ерекшеліктерін ескере отырып, баланың әлеуетін барынша іске асыруға бағытталған білім беру ортасын жобалау» ретінде қарастырады [43, 101 б.]. Битянованың айтуынша, бұл тұжырымдаманың мақсаты – өзін-өзі тануға бағытталған, өз әлемі мен қатынастар жүйесін, өзін-өзі басқарудың мүмкіндіктері мен жолдарын іздей алатын, баламен ынтымақтастықты ұйымдастыру [46].

Алехина мен Вачковтың пікірінше, психологиялық-педагогикалық қолдаудың әдіснамасына маңызды тәсілдердің бірі – А.А. Майердің «психологиялық тұрғыдан қолдаудың маңызды сипаттамасы жеке тұлғаның өзіне-өзі көмектесе алуына жағдай жасау» деген тұжырымы [47]. Майердің пікірінше, «психологиялық-педагогикалық қолдау кемшіліктерді түзетуді емес, жеке адамның және оны қоршаған ортаның жасырын ресурстарын іздеуді, өз мүмкіндіктеріне сүйенуді және осы негізде қоғаммен байланыстарды қалпына келтіру үшін психологиялық жағдайлар жасауды білдіреді» [47, б. 81].

Инклюзивті білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің әдістемелік негіздерін әзірлеуге жүйелі көзқараспен қатар, авторлар инклюзивтік принциптерді жүзеге асыруда көп субъективті тәсілді

қолдануды ұсынады [48]. Бұл тәсілдің мәні «субъектілердің бір-бірімен тікелей әрекеттесу нысаны» ретінде түсінілетін көп субъективті өзара әрекеттесу құрылысында жатыр. Олардың өзара шарттылығын, қарым-қатынастарының ерекше жақындық дәрежесін, даму үшін ең қолайлы жағдайларын тудыруға қабілетті және қауымдастықтың ерекше түрімен, көп субъектпен сипатталады» [48, 90-91 б.]. Алехина мен Вачковтың пікірінше, көпсубъективті өзара әрекеттестік инклюзивті білім беруді табысты жүзеге асыру шарттарының – бірі. Өйткені ол мұғалім мен оқушы арасындағы субъект, субъектілік қатынастарды құруды көздейді, оның барысында екі субъект те өзін-өзі дамытуға ұмтылады [48, 90-91 б.].

Жалпы, зерттеушілер оқушылардың ғана емес, мұғалімдердің де тұлғасын дамытуда көп субъекті тәсілді қолданудың тиімділігін атап өтеді [43].

Ғалымдар Рубцов, Алехина және Хаустов аутистік спектр бұзылыстары бар адамдарға үздіксіз қолдау көрсетуді ұйымдастыру кезінде көмек көрсетудің келесі негізгі кезеңдерін анықтайды: АСБ даму қаупі бар балаларды анықтау, ерте көмек көрсету, диагноз қою, білім беру, тәуелсіз өмірге дайындық, АСБ диагнозы бар ересектерге қолдау көрсету [49]. Қолдау көрсетудің бұл моделі, ғалымдар атап өткендей, ведомствоаралық болып табылады. Сондай-ақ Мәскеу мемлекеттік психологиялық-педагогикалық институты жанындағы аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды кешенді қолдауды ұйымдастырудың Федералдық ресурстық орталығының ғылыми-әдістемелік қолдауымен Ресейдің 28 аймағында жүзеге асырылуда. Университет (бұдан әрі – ММППИ ФРО) мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдар (КЕҰ) арасындағы әлеуметтік серіктестік қағидасына негізделген [49]. Ғалымдардың пікірінше, АСБ бар балаларды үздіксіз оқытуды ұйымдастыруда уақытылы жасалған арнайы білім беру жағдайлары маңызды рөл атқарады: «ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық қолдау (соның ішінде репетиторлық), жеке, топтық және топтық түзету-дамыту сабақтары, медициналық қамтамасыз ету, бейімделген құрылымдық білім беру ортасы, жеке бейімделген білім беру бағдарламалары, бейімделген оқыту әдістері мен оқу дидактикалық материалдары, әлеуметтік-мәдени интеграцияның мектептен тыс бағдарламаларын жүзеге асыру» [49, 7 б.].

Үздіксіз инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда өзара әрекеттесудің, араласудың тиімділігін халықаралық және отандық сарапшылар дәлелдеген. Сонымен, ЮНЕСКО ұсынған 2030 жылға қарай тең білімге қол жеткізудің тұжырымдамалық негізінің құрамдас бөліктерінің бірі – әрбір оқушының құқығын сақтау мақсатында арнайы ұйымдардың мұғалімдері мен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің өзара қарым-қатынасы [50]. Инклюзивті білім беруді дамытуда ведомствоаралық тәсілді енгізудің оң әсері шетелдік және

отандық зерттеушілердің еңбектерінде де қарастырылған [21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28].

Бұл өзара әрекеттесудің бір мысалына, Шотландияда жұмыс жасайтын «Әр баланың құқығын қамтамасыз ету» (Getting It Right For Every Child) өмірлік қиын жағдайға тап болған, балалар мен отбасыларға кешенді қолдау көрсетудің үйлестірілген жүйесін келтіре аламыз [51, б. 841]. Бұл жүйенің негізгі қағидасы «баланы бір қызметтен екіншісіне беруден гөрі әр балаға көмек көрсетудің маңыздылығын қабылдау» болып табылады [51, 841б.].

Зерттеушілер Алехина мен Фальковская ведомствоаралық тәсілді ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеу кезінде әдіснамалық қағида ретінде қолданылатын психологиялық қызмет әрекетінің тиімді факторларының бірі ретінде қарастырады [52]. Ведомствоаралық әрекеттесу жағдайында жұмыс істейтін пәнаралық ұжымдардың мүшесі ретіндегі педагог-психолог іс-әрекетінің мазмұнындағы негізгі принцип ғалымдардың пікірінше ведомствоаралық принцип болып табылады [52]. Ғалымдардың пікірінше, ведомствоаралық өзара іс-қимылды қолданудың негізгі артықшылықтары: ведомстволық бытыраңқылықты жеңу, басқарушылық қайталауды жою, бірыңғай ақпараттық өріс негізінде тиімді жұмыс технологияларын құру және бірлескен күш-жігерді үйлестіру [52]. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл, зерттеуші А.И. Сухаревтің пікірінше, «әлеуметтік серіктестік принциптеріне негізделген ортақ мақсаттарға жету жолындағы – қызмет [53, б. 6]. Осы принципті жүзеге асырудың арқасында бірлескен мүдделер мен мүмкіндіктерді үйлестіру процесі орын алып, проблемалық мәселелерді шешудің ең тиімді жолдары әзірленеді [53]. Зерттеуші А.Г. Ряписова инклюзивті білім беруді мемлекеттік және аймақтық саяси деңгейде сәтті жүзеге асырылатын «жүйелік инновация» ретінде қарастырады [54].

Флориан, БлэкХокинс және Роуз [55, 3-кесте] әзірлеген «қатысудың тұжырымдамалық негізі» инклюзивті тәжірибені жүзеге асырудағы жүйелік тәсілді практикалық қолдану болып табылады. Бұған мектепте «оқушылардың қатысуын және жетістіктерін» бақылау процесі, аймақтық және ұлттық деңгейлер [56], «іс-әрекеттегі инклюзивті білім беру тәсілі» [57], «инклюзивті мұғалімнің профилі» [58] және т.б. жатады.

3-кесте. Қатысуға арналған бөлімдер, элементтер және сұрақтар

Қатысу және қолжетімділік: сол жерде болу

- Сыныпқа қосылу

- Сынып ішінде

- Сыныптағы кеңістіктің қолжетімді болуы

- Оқу бағдарламасының (оқу жоспарының) қолжетімді болуы

- Кімге рұқсат беріледі және кімге рұқсат берілмейді? Кім рұқсат бермейді?

- Сыныптағы қандай тәжірибелер қолжетімділікке ықпал етеді?

- Сыныптағы қандай тәжірибелер қолжетімділікке кедергілерді күшейтеді?

- Сынып қауымдастығының құндылықтары мен сенімдеріне байланысты неліктен кейбір адамдар немесе топтар қолжетімділік мүмкіндігіне ие? Неліктен басқаларға қолжетімділік жоқ?

2. Қатысу және өзара жұмыс жасау: Оқыту және бірлесіп жұмыс істеу

- Балалар сабақта бірге оқиды

- Топ мүшелері сабақта бірге оқиды

- Топ мүшелері сабақтан тыс уақытта басқалармен бірге оқиды

- Кіммен бірге оқиды, кіммен бірге оқымайды?

- Сыныптағы қандай тәжірибелер өзара жұмыс жасауына (ынтымақтасуға) ықпал етеді? Сыныптағы қандай тәжірибелер өзара жұмыс істеудегі кедергілерді күшейтеді?

- Неліктен кейбір адамдар/топтар сынып қауымдастығының құндылықтары мен сенімдеріне байланысты бірге оқиды? Неліктен кейбір білім алушылардың бірге оқуына кедергілер бар?

3. Қатысу және жетістік: Әр оқушының оқуына қолдау көрсету

- Оқу үлгерімін күнделікті нәтиже ретінде қарастыру

- Әртүрлі жетістіктерді бағалау және марапаттау

- Оқушылардың не істей алмайтынын емес, не істей алатынын атап өту

- Оқытуды қолдау үшін формативті бағалауды қолдану

- Кім уақытында үлгереді? Кім уақытында үлгермейді?

- Сыныптағы қандай тәжірибелер барлық оқушылардың жетістіктерін қолдайды? Сыныптағы қандай тәжірибелер оқушылардың жетістіктеріне кедергілерді күшейтеді?

- Неліктен кейбір адамдар/топтар сыныптық қауымдастықтың құндылықтары мен сенімінің арқасында жетістіктерге жетеді? Неліктен кейбір білім алушылардың жетістікке жетуінде кедергілер шығады?

4. Инклюзивтілік және әртүрлілік: айырмашылықтарды мойындау және қабылдау

- Мұғалімдердің балаларды мойындауы және қабылдауы

- Мұғалімдердің мұғалімдерді мойындауы және қабылдауы
- Балаларды бала деп мойындау және қабылдау
 - Тұлға ретінде кім мойындалады және кім арқылы қабылданады? Жеке тұлға ретінде кім мойындалмайды және кім арқылы қабылданбайды?
 - Қандай тәжірибелер мойындау мен қабылдауға ықпал етеді? Қандай тәжірибелер мойындау мен қабылдауға кедергі жасайды?
 - Неліктен кейбір адамдар/топтар сынып қауымдастығының құндылықтары мен сенімдеріне байланысты мойындалады және қабылданады? Неліктен кейбір білім алушыларды мойындау мен қабылдауда кедергілер бар?

Қатысу негізінің принциптері

1. Қатысу барлық сынып мүшелерін және сынып өмірінің барлық аспектілерін қамтиды

Қатысу инклюзия мен жетістік арасындағы байланысты мойындайтындықтан, ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды ғана емес, сыныптың барлық мүшелерінің тәжірибесін қамтиды, дегенмен олардың қосылуы мен жетістіктері, әрине, маңызды. Қатысу сонымен қатар ресми оқыту мен оқуды ғана емес, сонымен қатар сыныптағы өмірдің барлық аспектілерін, соның ішінде оның барлық мүшелері арасында болатын шексіз бейресми күнделікті өзара әрекеттесуді де қамтиды.

2. Қатысу және қатысуға кедергілер өзара байланысты үздіксіз процестер болып табылады.

Қатысу қатысуға кедергілермен тығыз байланысты процестер тізбегі болып табылады: қатысуды арттыру қатысуға кедергілерді азайтады және керісінше. Бұл процестер күрделі, түсініксіз және көзге көрінетін болуы мүмкін: кейбір білім алушылардың қатысуын арттыратын сыныптағы тәжірибелер басқа білім алушылардың қатысуына кедергілерді арттыруы мүмкін. Бұл өзара байланысты және ешқашан аяқталмайтын процестер үнемі өзгеріп отырады және оларды өзгерту қиын болуы мүмкін. Толық қатысатын сынып болмағандықтан, оған жетудің жолдарын іздеу қызықты.

3. Қатысу айырмашылыққа жауап ретінде қарастырылады

Әр сынып өзінің жабдықталуы бойынша әртүрлі. Барлық балалар мен ересектер жасына, жынысына, этникалық тегіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына және мүмкіндіктерінің шектелуіне байланысты қатысу түсіністік пен көзқарас ретінде қарастырылады. Кемсітушілік мәдениетті әрі қиын болуы

мүмкін және кейде қасақана да ойластырылуы мүмкін. Дегенмен, қандай да бір себептермен біреуді маргиналдау немесе стигматизациялау инклюзивті білім беру ортасына қосуға кедергі жасайды. Бұл білім алушылар арасындағы айырмашылықтарды жоққа шығару мақсатында емес, барлығына теңдікті қамтамасыз ету. Сондай-ақ сыныптағы айырмашылықтарды мойындауға ықпал етіп, әр тұлғаның оқуын қолдау үшін бай ресурс болады.

4. Қатысу оқытудың белсенді және бірлескен болуын талап етеді

Қатысу оқу мен оқытуды мектеп өмірінің орталығында орын алатын әлеуметтік және ұжымдық ретінде қарастырады. Бұл жай ғана әдістер мен технологиялар емес, сонымен қатар барлық білім алушылардың нені үйренетінін және қалай үйренетінін, соның ішінде қауымдастық ретінде қалай үйренетінін таңдауға мүмкіндік беру; бұл әріптестермен белсенді және бірлескен оқытуға қатысатын оқытушыларға да қатысты. Бұған қол жеткізу үшін қолжетімді ресурстарды шығармашылық жолдармен пайдалануымыз керек: балалар да, ересектер де қатыса алатын әртүрлі тәжірибелерді, қызығушылықтарды тану, ынталандыру және құптау.

5. Қатысу өзара тану мен қабылдау қатынасына негізделген

Сыныптағы барлық қарым-қатынастардың сапасы өте маңызды, соның ішінде балалар мен ересектер арасындағы, ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынастар. Бұл қарым-қатынастардың сипаты тек формальды оқыту мен оқу тәжірибесінде ғана емес, сонымен қатар әрбір сыныпта күнделікті болатын шексіз бейресми жеке өзара әрекеттесулерден де айқын көрінеді. Сыныптағы барлық өзара әрекеттестік әрбір адамның құқықтары мен міндеттерін мойындауға және қабылдауға дайын болуды талап етеді. Сондықтан барлық мүшелер басқаларды бағалай алу жауапкершілігін мойындай отырып, өзі қалай бар дәл солай болуға құқылы. Сондай-ақ олардың өздерін және басқаларды оқытуға қатысу құқығы мен жауапкершілігі, шешім қабылдау процестеріне қатысу құқығы мен жауапкершілігі бар.

Бұл тарауда білім беру ұйымдары әкімшілігінің, педагогтерінің назарына психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын іске асыру кезінде педагогтерге қажетті негізгі нормативтік құқықтық құжаттардың сипаттамасын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының инклюзивті саясатының даму тарихы ұсынылған. Мектепке дейінгі ұйымдарда және орта білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің жағдайы туралы отандық ғылыми зерттеулерге талдау жасалған. Қазақстандық зерттеушілер әзірлеген психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін табысты жүзеге асырудың маңызды құралдарының бірі:

Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім берудің мониторингтік жүйесі [33], білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың үш деңгейлі моделі [15, 36], инклюзивті білім беру ортасына қол жеткізу саласындағы мектеп қызметін бақылау және бағалау құралы [32]. Үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру бойынша шетелдік зерттеулерді зерделеу білім берудің барлық деңгейінде білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруда ведомствоаралық, жүйелі тәсілдерді қолданудың маңыздылығын; үздіксіз инклюзивті білім беру үшін ресурстық орталықтарды құруды, білім алушылардың қатысуына бақылау процесін жүргізу қажеттілігін; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге педагогтерді үздіксіз оқытуды, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын іске асыруға оқушылардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қатысуын; инклюзивті мәдениетті құруды, инклюзивті саясат пен тәжірибені дамытуды көрсетеді.

2 Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды үздіксіз педагогикалық қолдау моделін іске асырудың халықаралық тәжірибесі

Ирландия тәжірибесі

Ирландия ерекше білім беруді қажет ететін балаларды балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі бүкіл білім беру жолында қолдауда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Елде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқуда және әлеуметтік жоспарда табысқа жету үшін қажетті қолдау мен жағдайлар алуын қамтамасыз етуге бағытталған түрлі стратегиялар мен бастамалар іске асырылуда.

Балабақшадан мектепке ауысуға келетін болсақ, Ирландияның Білім және кәсіптік дағдылар департаменті ерекше білім беруді қажет ететін балалардың біркелкі ауысуын қамтамасыз ету үшін ұсыныстар мен қолдау көрсетеді. Бұған жеке ауысу жоспарлары, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы ынтымақтастық және ата-аналар мен басқа да мүдделі тараптарды процеске тарту кіруі мүмкін. Сонымен қатар мектептерде осы өтпелі кезеңде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау үшін оқытылған арнайы білім беру қызметкерлері немесе мұғалімдері болуы ұсынылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар бастауыш және орта мектептерге ауысқаннан кейін, олар жеке оқу жоспарлары (IEPs), арнайы білім беру мұғалімдеріне қолжетімділік, сынып бөлмелері және көмекші технологиялар сияқты әртүрлі құралдар арқылы қолдауға ие болады. Мақсат – әр баланың ерекше қажеттіліктерін ескеретін және оның құрдастарымен бірге академиялық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін жеке оқу тәжірибесін қамтамасыз ету.

Сондай-ақ Ирландияда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жоғары білім алуда интеграциялануына және табысқа жетуіне ықпал ету бойынша шаралар қабылданды. Оған өтініш беру, кампустағы тұрғын үйге және көмекші қызметтерге қол жеткізу процесінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдау көрсету үшін ұсынымдар мен ресурстар беру, сондай-ақ қолайлы және инклюзивті оқу ортасын құру кіреді.

Жалпы, Ирландияның білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауға деген көзқарасы ынтымақтастықты, жеке қолдауды және инклюзивті білім беру принциптерін ұстануды көрсетеді. Бүкіл білім беру жолында тұрақты қолдау көрсете отырып, Ирландия ерекше білім беруді қажет ететін балалардың өз әлеуетін толық іске асыру және қоғамға толыққанды қатысу үшін тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз етуге тырысады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін сәйкестендіру мен бағалаудың қолданыстағы жүйесі

Мектепке дейінгі деңгей

Бала мектепке барар алдында арнайы білім беру қажеттіліктерін анықтаудың бірнеше жолы бар:

- Туылған кезде немесе бала ауруханадан шыққанға дейін мүгедектік диагностикасы.

- Қоғамдық денсаулық сақтау медбикесі жүргізетін жалпы тәжірибелік дәрігерге бару немесе дамуды тексеру.

- 2005 жылғы мүгедектер туралы Заңға сәйкес қажеттіліктерді бағалау, оған сәйкес 2007 жылдың 1 маусымында бес жасқа дейінгі балалардың ата-аналары/қамқоршылары баланың мүгедектігі бар деп күдіктенгендіктен бағалау жүргізуге өтініш бере алады.

- Басқа ерікті Денсаулық сақтау ұйымдары немесе бала жұмыс істейтін жеке мамандар арқылы бағалау.

Мектеп деңгейі – тұрақты қолдау

Білім және кәсіптік дағдылар департаменті мектептер мен мұғалімдер арнайы білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау және қажет болған жағдайда араласу шараларын жоспарлау үшін пайдалана алатын үш сатылы процесті (үздіксіз бағалау және қолдау) ұсынатын мектептерге арналған нұсқаулықтарды жариялады (DES, 2007а, 2010а, В). Айта кету керек, әр кезең оқушылардың қажеттіліктерін бағалауды, шараларды жоспарлау мен жүзеге асыруды және талдауды қамтиды. Әр кезеңде жұмсалатын уақыт әр оқушының оқу профиліне байланысты өзгереді. Бірінші кезеңді сынып жетекшісі үйлестіреді және әдеттегі сынып шеңберінде өткізіледі. Екінші кезеңді әдетте сынып жетекшісімен бірге жұмыс істейтін мұғалім / оқытуды қолдау мұғалімі үйлестіреді. Үшінші әдіс, әдетте, араласу бағдарламаларын егжей-тегжейлі бағалау және әзірлеу үшін тиісті сыртқы мамандарды тартады. Бұл деңгей күрделі және/немесе тұрақты қажеттіліктері бар балаларға арналған, мұқият жоспарланған араласуларға қарамастан прогресс жеткіліксіз деп саналады.

DES (білім беру және біліктілікті арттыру департаменті) бұған дейін негізгі оқытушы барлық білім алушыларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктеріне, оқу бағдарламасына қол жеткізуге және оқуын ілгерілетуге мүмкіндік беретін оқу бағдарламасы мен ортаның берілуін қамтамасыз етуге жауапты екенін айтқан (DES, 2007). NCSE ұйымдық, әлеуметтік / коммуникациялық және өмірлік дағдыларды дамыту осы процестің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан әр мұғалімнің міндеттерінің бөлігі ретінде қарастырылуы керек деп санайды.

Арнайы білім беруді қолдау қызметі (SESS)

SESS – бұл 2003 жылы үздіксіз кәсіби даму (CPD) бастамаларын шоғырландыру, үйлестіру, әзірлеу және жүзеге асыру және әртүрлі білім беру мекемелерінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жұмыс істейтін мектеп қызметкерлерін қолдау арқылы ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқыту сапасын арттыру үшін құрылған Ұлттық қолдау қызметі.

Арнайы білім беруді шолу комитеті өз жұмысын бастағаннан бері 20 жыл ішінде арнайы білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз етуде айтарлықтай жетістіктерге жеткені анық. Білім берудегі инклюзивтілікке бағытталған халықаралық қозғалыс аясында Ирландия салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде арнайы білім беру қажеттіліктеріне бөлінген ресурстар көлемінің ұлғаюын күшейтетін жан-жақты саясат пен заңнамалық базаны әзірледі.

Әртүрлі елдерде білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін парапрофессиялық қолдау әртүрлі бағытта дамыды. Ирландияда ерекше қажеттіліктері бар көмекшінің рөлі олардың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету үшін ерекше білім беруді қажет ететін балаларға күтім жасаудың қосымша қажеттіліктерін қолдауға бағытталған. Ирландияның жалпы білім беретін мектептері неғұрлым инклюзивті оқу ортасын құруға бейімделгендіктен, ерекше қажеттіліктер жөніндегі көмекшінің (SNA) рөлі шешуші болып саналды. Қолдау көрсету жақында қайта қаралды және осы модельде ерекше қажеттіліктері бар көмекшілер енді кез келген оқу қызметін жоққа шығаратын ерекше күтім рөлі бар инклюзивті қолдау көмекшілері ретінде белгіленді.

Ұлттық білім беру психологиялық қызметі (NEPS)

NEPS – Білім және кәсіптік дағдылар департаментінің бөлімшесі. Оның миссиясы: «... білім беруде психологиялық теория мен практиканы қолдану арқылы барлық балалардың жеке, әлеуметтік және білім беру дамуын қолдау». Қазіргі уақытта NEPS-те 167 уақыт эквивалентті психолог жұмыс істейді және психологтардың жалпы санын 173 толық уақыт эквивалентіне жеткізу үшін қосымша 6 толық уақыт эквивалентін пайдалануға рұқсаты бар (DES, 2013). Тағайындалған NEPS психологы жоқ мектептер психологиялық бағалау жүргізу үшін Білім және дағдылар департаментінің схемасына қол жеткізе алады.

Үкімет сонымен қатар 2013 жылы SG Enable бағдарламасын мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересектерге арналған ақпараттық және анықтамалық қызметтер арқылы мүгедектерге көмек көрсетумен, гранттар әкімшілендірумен және мүгедектер мен олардың қамқоршыларына қолдау көрсетумен, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жұмыс мүмкіндіктерін кеңейтумен айналысатын агенттік ретінде құрды. 2020 жылдың қазан айынан бастап SG Enable мүгедектер секторы үшін бірыңғай байланыс нүктесі ретінде қызмет етеді, мүгедектерге арналған бағдарламаларды басқаруды, білім Министрлігімен SPED мектептерін

қаржыландыруды басқару, осы мектептер ұсынатын қызметтерді басқару және SPED түлектері мен қамқоршыларға олардың өмірі мен қажеттіліктерінің әртүрлі кезеңдерінде үздіксіз қызмет көрсету, өзара іс-қимылдың бірыңғай нүктесінің жаңа құрылымы мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қызметтер мен шешімдерді бірлесіп құру және бірлесіп ұсыну мақсатында мүдделі тараптарды бір шаңырақ астына біріктіруге арналған.

Мұғалімдер және қосымша қызметкерлер

Балаларды ерте жастан дамыту агенттігі (ECDA) Мектепке дейінгі мекемелердің мұғалімдерін қажетті даярлауды қамтамасыз ету үшін ұлттық балаларды дамыту институтымен (NIEC) және басқа да оқу орындарымен ынтымақтасады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту бойынша мұғалімдерді жұмысқа қабылдауға дайындау шеңберінде дамуында қажеттіліктері бар балаларды анықтау және олармен жұмыс істеу негіздеріне, оның ішінде қажет болған жағдайда қосымша қолдау алуға болатын жерлерге оқытады. NIEC сонымен қатар ерте балалық шақтағы оқытуды қолдау бойынша маман дипломын және ерте балалық шақтағы (ерекше қажеттіліктері бар) қолға алу бойынша қосымша дипломын ұсынады.

Жалпы білім беретін мектептердің барлық педагогтері арнайы білім беру қажеттіліктері туралы негізгі түсінікке ие. Жалпы білім беретін мектептердегі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арнайы білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту және мінез-құлық бойынша қолдау көрсетуге мамандандырылған оқытушылар (AEDs), сондай-ақ әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сараланған стратегияларды қолдануға машықтанған оқытушылар (TSNS) қолдау көрсетеді. Бұл мектеп қызметкерлері негізгі мектеп басшыларымен бірге нақты білім алушылардың қажеттіліктерін де, арнайы білім беру қажеттіліктерін қолдауға арналған жалпы мектеп тәсілдерін қарастыратын іс жүргізу тобын құрады. Команда, өз кезегінде, мектеп жүйелері мен құрылымдары бойынша бағалау және кеңес беру қызметтерін ұсынатын Білім министрлігінің психологтары тобының қолдауына ие.

Ұжым сонымен қатар Білім министрлігінің педагогикалық психологтары тобынан қолдауға ие. Олар өз алдына мектеп жүйесі мен құрылымдарына араласу бойынша бағалау және кеңес беру тұрғысынан қызметтер көрсетеді.

SPED мектебінің барлық педагогтері Білім министрлігінде тіркелген. Олар «Арнайы білім беру» (DISE) бағдарламасы бойынша білім берудің ұлттық институтында (NIE) мамандандырылған бастапқы даярлықтан өткен. Педагогтердің жұмыстан қол үзбей NIE-мен және өзге де оқу орындарымен ұйымдастырылатын жеке курстардан өту мүмкіндігі бар.

Кластерлік, мамандандырылған және қолданбалы оқу семинарлары секілді оқыту платформалары Министрлік тарапынан негізгі және арнайы білім беру

мамандары мен практиктері арасында серіктестік мүмкіндіктерін кеңейту үшін ұйымдастырылады [65].

АҚШ тәжірибесі

Мемлекет және үкімет мемлекеттік білім беруге қатысты билікке ие. 2004 жылы өзгертулер енген Мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім беруді жақсарту жөніндегі заң жергілікті, мемлекеттік және федералды биліктің мүмкіндігі шектеулі балалардың қолжетімді, шектеусіз білім алуын қамтамасыз ететін саясатқа ие болуын талап етеді. Заң сонымен қатар жалпы білім беретін бағдарлама негізінде жоғары білікті педагогтерден білім алуға қолжетімділік және академиялық үлгерім тұрғысынан есеп беру міндеттілігін талап етеді.

Федералды деңгейде Үкіметтің бақылауы Білім министрлігі тарапынан іске асады. Ол өз кезегінде штаттардан барлық мемлекеттік мектептердің ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қызметтерді көрсетуін талап етеді. Білім министрлігінің басшылығымен вице-министр арнайы білім беру мен оңалту қызметтері басқармасына жауап береді. Басқарма барлық жастағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың оқу үлгерімі нәтижелерін жақсартуға талпынады. Басқарма мүмкіндігі шектеулі 21 жасқа дейінгі азаматтардың – сәбилердің, балалардың және жасөспірімдердің үлгерімін жақсартумен айналысып, штаттар мен жергілікті округтерді басшылық және қаржылай көмекпен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар басқарма педагогтерді дамытуды, ата-аналарды оқытуды, технологиялар, зерттеулер, ақпараттық орталықтардың болуын қолдайды. Параллельді түрде 2008 жылғы Жоғары білім мүмкіндіктері жөнінде заңға сәйкес мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға ортадан кейінгі білімнің қолжетімді оқу материалдары бойынша консультативтік кеңес құрылды (2008–2011 жж.), оның құрамында жоғары оқу орындарының өкілдері және қолжетімді технологиялар аясындағы көшбасшылар болды. Азаматтық құқықтар бойынша басқарма АҚШ Білім министрлігінің басшылығымен мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың азаматтық құқықтары бойынша ұсынымдар ұсынады, мысалға 2016 жылы жарияланған анықтаманы атап өтуге болады.

Штат немесе мектеп округі білім алушылардың қажеттіліктерін бағалайды. Мемлекет және қоғам, сондай-ақ барлық түрдегі мемлекеттік және жеке ұйымдар оқу бағдарламаларын әзірлейді, мектепке қабылдау немесе аяқтау бойынша талаптарды белгілейді және білім алушыларға ерте қолға алу қызметтерін ұсынады. Штаттар да нақты айқындалған мақсаттар мен біліктілік стандарттарын әзірлейді, кейін білім алушылар мен білім беру ұйымдарынан осы мақсаттарға сәйкес келуін бағалайды.

Жергілікті деңгейде мектептер ата-аналарымен немесе қамқоршыларымен бала үшін жақсы жағдайларды анықтау жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін кездеседі. Егер мемлекеттік мектептер ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етпесе, ата-аналар ресми түрде шағым жасап, балаға тиісті қызметтерді талап ете алады [66].

Грекия тәжірибесі

Мектептер, отбасылар және қоғамның басқа бөліктері арасындағы бірлескен жауапкершілік білім беру процесінде барлық білім алушыларды ынталандыру мен қолдауды қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Грекия Білім министрлігінің, жергілікті мектеп кеңестерінің, мектептердің, Keys, EDEAYs және қоғамдастықтың мүдделі тараптары барлық білім алушылардың жетістікке жетуіне және мектептердің өз мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік беретін бірлескен жұмыс үшін жауап береді.

Қайта құру/көп салалы қолдауды күшейту жағдайында интеграцияға ықпал ететін басым құрылымдар:

Аймақтық білім беруді жоспарлау орталықтары (*PEKES*)

Білім беру және консультациялық қолдау орталықтары (*KESY*)

Арнайы оқу орындары жалпы білім беретін мектептер желісі шеңберінде қолдау орталықтарына айналады.

EDEAY жалпы білім беретін мектеп деңгейінде жұмыс істейді (Заң 4547/2008).

Аймақтық білім беруді жоспарлау орталықтары (PEKES) міндетті:

мемлекеттік және жеке меншік мектептер мен кәсіптік білім беру және кәсіптік даярлау орталықтарының білім беру жұмысын мониторингілеу, үйлестіру және қолдауға (*VET*);

өз саласындағы *KESYs* және басқа да қосалқы құрылымдармен ынтымақтасуға;

педагогтерді қолдау және олар үшін қазіргі заманғы ғылыми, педагогикалық, оқытушылық және бағалау мәселелері бойынша оқу бағдарламаларын ұйымдастыруға;

мектептер мен педагогтер арасында озық тәжірибе алмасуға ықпал ету;

мектептер, *KESYs* және *KEAs* (*Sustainability Educational Centres* арасында олардың өңіріндегі жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеуге;

өңірлік деңгейде мектептердің білім беру жұмысын жоспарлауды және кері бағалауды қолдауға.

PEKES-те білім беру мәселелері жөніндегі үйлестірушілер жұмыс істейді. Оларға бастауыш және орта білім беру саласындағы тиісті мамандықтар үшін, PEKES өңіріне тиесілі барлық мектептер (жалпы, кәсіби, арнайы, азшылық мектептер) және VET шеберханаларының орталықтары үшін жауапкершілік жүктеледі. Сондай-ақ арнайы білім беру және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша үйлестірушілер бар, оларға тиісті міндеттер жүктелген.

PEKES KESY-мен келесідей жұмыс істейді:

Мектептегі білім алушылар үлгерімінің төмендігі, білім алушыларды оқудан шығару және мектептен қудалау секілді құбылыстармен күресу үшін өтемдік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

инклюзивті білім беруді ілгерілету, сондай-ақ педагогтерді оқыту арқылы нығайту және қолдау;

ата-ана рөліне байланысты және жергілікті қоғамдастықтағы педагогтер және/немесе басқа қолдау құрылымдарымен ынтымақтастыққа байланысты мәселелер бойынша ата-аналарға арналған оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру.

PEKES аймақтық білім басқармаларының құрамына кіреді. Олардың жұмысында білім беру саясаты институты (IEP) және Білім, Дін істері министрліктері қолдайды.

Білім беру – консультациялық қолдау орталықтары (KESY)

Жоғарыда сипатталғандай, білім беру және психоәлеуметтік қажеттіліктерді, оқытудың қиындықтары мен кедергілерін зерттеу мен бағалаудан басқа, KESY келесі қызметтерді орындайды:

білім алушылар мен олардың ата-аналары немесе қамқоршылары үшін мақсатты білім беру және психоәлеуметтік араласуды және кәсіптік (кәсіптік) бағдарлау қызметтерін жоспарлау және жүзеге асыру. Қолдау келесілерді қамтиды:

жеке білім беру бағдарламаларының негізгі бағыттарын тұжырымдау (EPE), сондай-ақ түзетілген жеке немесе топтық іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру; білім алушыларға, педагогтерге және ата-аналарға кеңес беру және психоәлеуметтік қолдау; нақты әлеуметтік осал топтарға ерте араласу және мүмкіндіктерді кеңейту бағдарламалары; білім алушылардың жеке дамуына, олардың өзін-өзі бағалауын нығайтуға және мектеп қоғамдастығы ішінде және одан тыс өмір сүру сапасын жалпы жақсартуға бағытталған мақсатты іс-шаралар. Барлық осы іс-шаралар жоспарланған және олар әр мектепте педагогтермен және EDEAY-мен бірлесіп жүзеге асырылады.

мектеп білім алушылары мен олардың ата-аналарына, сондай-ақ олардың мұғалімдеріне арналған кәсіптік бағдарлау қызметтері. Бұл қызметтерге келесілер кіреді:

топтық деңгейде: мектеп бөлімшелеріндегі кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру және еңбек нарығы мәселелері, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламалары бойынша ақпараттық қызметтер көрсету. Бұл білім алушылардың хабардарлығын арттыруға және олардың ересек өмірге және еңбек нарығына бірқалыпты көшуін қамтамасыз етуге бағытталған;

жеке деңгейде: лицейдің Б және С сынып білім алушыларының тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби сәйкестігін дамытудың кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша кеңес беру қызметтері

педагогтерге сұрақтар бойынша консультациялық қолдау көрсету:

мүмкіндіктері шектеулі және/немесе ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытудың оңтайлы әдістері; әртүрлілікті қабылдау;

барлық білім алушыларды қолдау үшін инклюзивті тәжірибелер мен бірлескен іс-қимылдарды ілгерілету;

қиын жағдайлармен жұмыс;

мектептегі ата-аналарға кеңес беру, үйде сабақ ұйымдастыру және мектеп тобымен ынтымақтастық.

Барлық мектеп бөлімшелерінің жалпы тәрбие жұмысын қолдау:

білім алушылардың танымдық дағдыларын арттыру, мектепті тастап кетудің алдын алу және білім алушылардың психоәлеуметтік денсаулығы мен эмоционалды әл-ауқатына ықпал ететін қауіпсіз және қолдау көрсететін мектеп мәдениетін құру;

білім алушыларды психоәлеуметтік қолдаудың басымдықтары мен міндеттерін тұжырымдау және психоәлеуметтік мәселелерге қатысты тұтас саясат пен стратегияларды әзірлеу;

білім алушылардың оқуға тең қолжетімділігінің құрылымдық кедергілерін анықтау және мектеп қоғамдастығындағы барлық білім алушыларды ғылыми, педагогикалық, білім беру және өзге де қолдау шараларын іске асыру;

бірінші немесе екінші сатыдағы профилактика және психикалық денсаулықты нығайту бағдарламаларын іске асыру;

мектеп бөлімшесінің отбасымен және психологиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерімен байланысын және ынтымақтастығын нығайту.

Мектеп қоғамдастығына келесі мәселелер бойынша ақпарат беру және оқыту:

психоәлеуметтік мәселелер бойынша ұлттық, еуропалық немесе халықаралық іс-шаралар мен бағдарламалар;

кәсіптік бағдар беру және кеңес беру бағдарламалары;

білім беру жүйесіндегі өзгерістер

Оқыту бағдарламаларын өңірлік білім беруді жоспарлау орталықтары (PEKES) және тұрақты дамудың білім беру орталықтары (KEA) жоспарлап, іске асырады.

Мектептер, отбасылар, ғылыми және әлеуметтік мекемелер, жергілікті билік органдары мен университеттер арасындағы әртүрлілік, психоәлеуметтік денсаулық, кәсіптік бағдар беру және еңбек нарығына көшу мәселелері бойынша серіктестік қатынастарды ілгерілету арқылы қоғамдастықта хабардарлықты арттыру.

Мектептегі білім беруді қолдау желілері (SDEY) және білім беруді бағалау және қолдау жөніндегі пәнаралық комитеттер (EDEAY)

Мектептегі білім беруді қолдау желілері (SDEY) (бұрынғы мектептегі білім беру және қолдау желілері) жергілікті арнайы мектеп қолдайтын жалпы білім беретін мемлекеттік және жеке меншік мектептердің серіктестігі болып табылады. Олар аудандағы жалпы білім беретін және кәсіптік бастауыш және орта мектептер, арнайы мектептер мен кәсіптік білім беру орталықтары топтары үшін білім беру процесін қолдайды. SDEY мектеп бірліктерінің ынтымақтастығы мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды білім беру процесіне қосуға және инклюзивті білім беруді қолдауға, жеке параллель қолдау мен үйде оқытуға бағытталған. Өңірлік білім басқармасының директоры өзінің ресми шешімімен SDEY-ді құрады және SDEY-ді қолдау орталығы ретінде әрекет ететін арнайы мектептің бөлімшесін анықтайды.

Білім беруді бағалау және қолдау жөніндегі пәнаралық комитеттер (EDEAY) әр мектепте жұмыс істейді. Олар SDEY-ге білім беруді бағалау және білім алушыларды қолдау және мектеп қоғамдастығын жалпы қолдау жөніндегі құзыретті орган ретінде тиесілі.

EDEAY келесілерден тұрады:

мектеп меңгерушісі, EDEAY үйлестірушісі;

мектептің немесе қолдау орталығының арнайы білім беру мұғалімі;

SDEY қолдау орталығының психологі;

қолдау орталығының әлеуметтік қызметкері;

қолдауды қажет ететін білім алушының немесе білім алушылар тобының сынып жетекшісі.

Осылайша, арнайы мектептің арнайы педагогикалық қызметкерлері жалпы білім беретін мектептердегі білім алушыларды және бүкіл мектеп қауымдастығын мектеп қызметкерлерімен бірлесе отырып қолдайды. Бұл қолдау KESY-дің EBAY-мен және мектеп бөлімшелерімен байланысы арқылы одан әрі толықтырыла түседі.

EDEAY жоқ мектептерде мектептің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім алушыларды қолдау тобы құрылады. Осы қолдау аясында инклюзивті саясатқа пәнаралық көзқарас қалыптасады.

Соңғы жылдары мектептерде психологтар мен әлеуметтік қызметкерлерді қосу есебінен мектептердің инклюзивті мүмкіндіктері қосымша күшейтілді. Бұрын бұл арнайы білім беру жағдайында ғана мүмкін болатын. Психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер әлеуметтік осал топтарды қолдау қажет немесе психоәлеуметтік және эмоционалды қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру қажет мектептерге орналастырылады [67].

Швеция тәжірибесі

Мүмкіндігі шектеулі және есту және көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы мүмкіндіктер негізінен жалпы сыныптарда жасалған, бірақ кейбір жағдайларда мүмкіндіктер жеке жағдайларда көрсетіледі. Барлық білім мүгедек емес білім алушыға және оның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұлттық оқу бағдарламаларына мүмкіндігінше сәйкес келеді. Ұлттық оқу жоспарларына сәйкес, білім алушы жазбаша швед тілінде де, ымдау тілінде де сөйлесе білуі керек. Ымдау тілі олардың ресми тілі ретінде белгіленген.

Мемлекет балалардың, жастардың және ересектердің физикалық қабілеттеріне қарамастан, білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін, тең жағдайларға ие болуы үшін жұмыс істейтін арнайы білім беру және мектептердің ұлттық агенттігі арқылы қолдау ұсынады.

Ол келесілер негізінде іске асырылады:

- ерекше қажеттіліктерді қолдау;
- арнайы мектептерде оқыту;
- қолжетімді оқу материалдары;
- мемлекеттік қаржыландыру.

Штатта үш ұлттық және бес өңірлік арнайы мектеп бар. Ата-аналар балаларды арнайы мектепке қабылдау туралы өтініш береді. Егер білім алушы қолжетімді жерде тұрмаса, ол мектепте тұрып, оқу жылы ішінде ойын-сауық шараларына белсенді қатыса алады.

Ұлттық мектептер келесі білім алушыларға қызмет көрсетеді:

- қосымша мүгедектікпен бірге көру қабілетінің зақымдалуы (MDVI);
- оқу қиындықтарымен бірге естімеуі немесе есту қабілетінің зақымдалуы;
- сөйлеудің ауыр бұзылыстары.

Өңірлік мектептерде естімейтін немесе нашар еститін білім алушылар үшін жалпы білім беретін мектептегідей білім ұсынылады.

Арнайы білім беру және мектептер ұлттық агенттігі ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек ұсынады. Оқу ортасы барлығына қолжетімді болуы керек. Қолжетімділікті білу қолдауды қажет ететін барлық білім алушылардың білім алуға тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз ету үшін қажет. Бес өңірлік қолдау орталығы басқармалар мен қолдауды қажет ететін мектептерге көмектесе алады. Олардың қатарына білім алушыларға арнайы білім беруге арналған төрт ұлттық ресурстық орталық кіреді:

- қосымша мүгедектікпен бірге көру қабілетінің зақымдалуы;
- оқу қиындықтарымен бірге естімеуі немесе есту қабілетінің зақымдалуы;
- туа біткен зағиптық;
- сөйлеудің ауыр бұзылыстары.

Ресурстық орталықтар балалар мен жастарды бағалауды және педагогтер мен ата-аналарға арналған оқу бағдарламаларын ұсынады.

Ресурстық орталықтар және ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту жергілікті деңгейде ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту және олардың мектептері жөніндегі ұлттық агенттіктің қолдауымен дамуда. Бұл жеке шешімдерді белгілі бір білім алушыға жақсы бейімдеу үшін жергілікті қолдауды қамтамасыз етеді.

1988 жылдан бастап жалпы білім беретін сыныптарда көзі көрмейтін немесе нашар көретін, бірақ басқа қосымша зақымдары жоқ білім алушылар оқиды. Ресурстық орталықтар қолдау көрсетеді. Ұлттық арнайы білім беру және мектептер агенттігі өз сыныптарында қолданылатын оқу материалдарын білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бейімдейді, ал өңірлік округтар техникалық жабдықтарды бейімдейді.

Өңірлік округтер қажетті техникалық көмек көрсетеді.

Арнайы білім беру және мектептердің ұлттық агенттігі арқылы мемлекет билікке, қызметтерге және мектептерге арнайы педагогикалық қолдау қызметін ұсынады. Бұл ерекше қолдауды қажет ететін білім алушылардың құрдастары секілді сапалы білім беру тәжірибесіне ие болуын қамтамасыз етеді. Ол жергілікті билік органдарының қолдау қызметтеріне қосымша ретінде әрекет етеді, бірақ мақсат жергілікті деңгейде көбірек қолдау көрсету үшін жергілікті ресурстық орталықтарды дамыту болып табылады.

Білім беру және ерекше қажеттіліктері бар мектептер жөніндегі ұлттық агенттіктің оқу материалдары бөлімінің құрамына мамандандырылған оқу құралдары мен кейбір техникалық құралдарды әзірлейтін, өндіретін және тарататын оқу материалдарын шығаратын бірқатар бөлімшелер кіреді [68].

Исландия тәжірибесі

Исландиялық білім беру жүйесі инклюзивті білім беруге – баршаға арналған білімге негізделген. Инклюзивтілік дегеніміз – барлық білім алушыларға оқу орындарының өміріне және жұмысына, өз қажеттіліктері мен қабілеттеріне қарамастан қатысуға мүмкіндік беру. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі және ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жастар тиісті қолдау желілері болған жағдайда жалпы білім беретін мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде, колледждер мен университеттерде бірге оқиды дегенді білдіреді. Бұл әртүрлі деңгейдегі Исландия білім туралы заңдарында нақты көрсетілген. Бұрын назар жалпы білім беру процесіне қосылу алғышарттарына бағытталса, қазірде білім алушылар үшін бөлек оқыту нұсқаларын қарастыруды негіздеу қажеттіліктеріне ойысты.

Білім туралы Заңға сәйкес арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептерге көмектесуге және оларды әртүрлі жолдармен қолдауға арналған. Алайда, бұл қолдау толықтай дамымаған, бұл арнайы мектептерге бөлінетін ресурстардың жетіспеушілігінен болуы мүмкін. Исландияда арнайы мектептер тарапынан осы қосалқы көмекті ұлғайту және үйлестіру мәселелері талқыланды. Бұл, мысалы, Рейкьявиктің жаңа инклюзивті білім беру саясатының бөлігі. Білім, ғылым және мәдениет министрлігі мектептерді қолдау немесе ресурстық орталықтарға айналдыру идеясын әлі келіскен немесе шешкен жоқ. Алайда бұл сұрақ мектептің барлық деңгейлері бойынша үйлестірілген қолдау қызметімен әртүрлі контексте көтерілді.

Егер ата-аналар, мұғалімдер және мектеп мамандарының тобы кез келген уақытта арнайы білім беру орынды деп келіссе, бала немесе жасөспірім арнайы білім алуға құқылы. Мектеп директоры бұл шешімге ата-аналармен бірлесіп келеді. Осы жағдай бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда іс шешім қабылдау үшін жергілікті билік органына жіберіледі. Мектепке дейінгі және міндетті мектептерге арналған мектепке қолдау және арнайы білім беру туралы ереже (№584/2010) мамандардың қызметтері келесі топтарды қолдауды қамтиды деп белгілейді:

- мектепке дейінгі және міндетті мектеп білім алушылары;
- олардың ата-аналары;
- педагогтермен мектеп қызметкерлері.

Жергілікті мамандандырылған қызметтердің мақсаты – білім беру, психологиялық, дамытушылық және әлеуметтанушылық білімді тиімді пайдалану. Мамандардың қызметтері келесілерге бағытталуы керек:

- мектептерді мектепте туындайтын көптеген мәселелерді шеше алатын кәсіби институттар ретінде дамыту;

- мектепке дұрыс басшылық жасау және мұғалімдер мен басқа қызметкерлерге көмек көрсету.

Міндетті мектептердегі мамандардың қызметтері

Міндетті мектептерге арналған басқармалардың мамандандырылған қызметтері жалпы білім беретін мектептерді мектеп қызметінде туындайтын көптеген мәселелерді шеше алатын және мектеп қызметкерлеріне тиісті басшылық пен олардың жұмысына көмек бере алатын кәсіби мекемелерге айналдыруға бағытталған. Мамандардың қызметтері, бір жағынан, білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, мектеп қызметі мен мектеп қызметкерлерін қолдауды, екінші жағынан, жалпы білім беретін мектеп білім алушылары мен олардың ата-аналарын қолдауды қамтиды. Мамандандырылған қызметтер мектеп мүддесі үшін педагогикалық, психологиялық, дамыту және әлеуметтік білім беруге бағытталған. Мамандандырылған қызметтерді ұсыну кезінде басқармалар білім алушылардың жалпы жағдайын жүйелі түрде арттыру және қиындықтардан аулақ болу үшін алдын-алу шараларына ерекше назар аударуы керек. Білім алушының жағдайын ерте бағалау, содан кейін кеңес беру қажет.

Маманның қызметтері маманның мамандығына қарамастан, білім алушының жағдайлары мен мүдделерін жан-жақты шолуға негізделген. Яғни білім алушылардың игілігі әрқашан айқындаушы фактор болуы керек.

Кеңес беру және оқыту арқылы мамандандырылған қызметтер мектеп қызметі мен тәжірибесін, сондай-ақ мектеп қызметкерлері мен ата-аналарды әртүрлі тәсілдермен қолдауы керек. Тиісті ауызша аударма қызметтері ақпарат пен кеңес берудің ата-аналар мен білім алушыларға пайдалы болуын қамтамасыз ету үшін қажет; сондықтан мұндай қызметтерге жақсы қолжетімділік қажет.

Мектепке дейінгі, міндетті және жоғары орта білім туралы заңдар білімнің үздіксіздігін көрсетеді. Сондықтан мамандандырылған қызметтерді енгізу кезінде білім алушылардың мәртебесі және олардың бір мектеп деңгейінен екінші деңгейге өту жағдайлары туралы ақпаратты жүйелі түрде таратумен сипатталатын сенімді сабақтастықты атап өту маңызды. Білім беру формасын өзгерту кезінде білім берудің тоқтап қалуынан аулақ болу керек. Мектеп деңгейлері арасындағы ауысу кезінде ақпарат алмасу туралы Заңның ережелеріне назар аудару керек.

Нақты қолдау шаралары

Әр мектеп баланың ата-анасымен немесе заңды қамқоршыларымен бірге арнайы оқытуды қалай ұйымдастыруға болатындығын шешеді. Мүмкіндігі шектеулі, оқудағы ерекше қиындықтары, эмоционалды немесе әлеуметтік қиындықтары бар білім алушылар ерекше қолдауға ие болады. Түзету

жаттығулары қалай ұйымдастырылғандығы мектептің жеке қажеттіліктері мен мөлшеріне байланысты. Үлкен мектептерде, әдетте, оқу күнінің бір бөлігінде толық интеграция немесе арнайы сабақтар секілді көбірек мүмкіндіктер бар. Білім алушылар саны азайған арнайы сыныптарда да, мысалы, зердесі зақымдалған балалар үшін қажетті демалыс кезеңдері қарастырылған.

Соңғы жылдары аутизмі немесе ұқсас бұзылыстары бар балалар саны көбеюде. Бұл арнайы сыныптарға және мамандандырылған емдеу мен оқытуға деген қажеттілікті тудырды. Бұған маман мұғалімдердің қосымша қолдауы, арнайы оқыту әдістері, арнайы оқу материалдары, шағын топтық оқыту немесе жеке оқыту, компьютерлерді кеңінен қолдану және әр білім алушы үшін жеке жоспарлауға баса назар аударатырып, бейімделген оқу бағдарламасы кіреді

Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа мектеп ғимараттарын жобалауға және ескі ғимараттарды қайта құруға көп күш жұмсалды. Бұған лифттер, пандустар, ванналар және т.б. кіреді, оларға күтім жасау мен оқытудың ең жақсы жағдайларын ұсынады.

Ресурстық орталықтарды дамыту

Ұлттық көз көрмейтін, нашар көретін және естімейтін-көрмейтін жандардың институты салыстырмалы түрде жаңа мекеме болып табылады. Сонымен қатар ол көзі көрмейтін, нашар көретін және нашар еститін балалар үшін ресурстық орталық болып саналады және білім беру жүйесіне көмектеседі. Орталықта білім алушылар жоқ, бірақ қызметкерлер көзі көрмейтін, нашар көретін және естімейтін білім алушылары бар мектептерге көмектеседі.

Әдетте «орталық» деп аталатын ұлттық көз көрмейтін, нашар көретін және естімейтін-көрмейтін жандардың институты – бұл әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі басқаратын мемлекеттік мекеме. Орталық негізінен оңалту және білім беру саласында қызмет көрсетеді және алғашқы медициналық диагностиканы немесе емдеуді ұсынбайды. Орталық нашар көретіндер мен көзі көрмейтіндер жөнінде Ұлттық деректер базасына жауап береді.

Орталық жергілікті көлік қызметтері, үйде көмек көрсету, зағиптар кітапханасы және есту қабілетін тексеру орталығы сияқты тиісті қызметтерді ұсыну үшін басқа мекемелермен ынтымақтасады. Алушы кім екеніне қарамастан, барлық қызметтер тегін көрсетіледі

30% және одан төмен деңгейде көрудің нашарлауы көрсетілетін қызметтердің қабылдану критерийі болып табылады. Исландияда көру қабілетінің нашарлығын анықтау көру қабілетінің 30-10% құрайды, ал заң бойынша зағиптық көрсеткіші 10% немесе одан аз.

Орталық сонымен қатар зағиптарға қызмет көрсетуге жауап береді.

Brúarskóli: арнайы мектеп және ресурстық орталық

Brúarskóli (өтпелі мектеп) — бұл мінез-құлық, әлеуметтік және эмоциялық проблемалары бар білім алушылар үшін міндетті деңгейдегі арнайы мектеп, сонымен қатар Рейкьявиктің жалпы білім беретін мектептері үшін ресурстық орталық. Ол психикалық және эмоциялық проблемалары, әлеуметтік және мінез-құлық проблемалары және есірткіні пайдалану және/немесе құқық бұзушылыққа байланысты проблемалары бар бірінші-оныншы сынып білім алушыларына және арнайы төртінші-оныншы сынып білім алушыларына арналған. Мектеп орта есеппен бір немесе екі семестрге білім алушылар үшін уақытша ресурс болып табылады. Мектептің негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу мен білім берудегі мінез-құлқы мен әлеуметтік дағдыларын жақсарту үшін жағымды және сындарлы жағдай жасау. Сондай-ақ бұл үйге барып сабақ беретін педагогтеріне олармен әрі қарай жұмысты күшейтуге көмектеседі.

Мектеп білім алушыларға уақытша баспана болып табылады және олар әдетте мектептің басшылығымен және кеңесімен өз мектептеріне оралады. Сирек жағдайларда, білім алушылардың мінез-құлық проблемалары немесе оның психикалық ауруы ауыр болғанда, оларға жалпы білім беретін мектепте нақты қолдау көрсету мүмкін болмайды. Мұндай жағдайларда білім алушыларға ұзақ уақыт бойы арнайы жағдайлар жасау қажет болуы мүмкін [69].

Польша тәжірибесі

Ұлттық заңнама арнайы білім беру қажеттіліктерін анықтамайды. Алайда кең мағынада бұл термин білім алушының жеке қажеттіліктеріне байланысты деп түсініледі. Қосымша қолдау қажеттілігі, мысалы, мүгедектік, белгілі бір оқу қиындықтары, әлеуметтік қиындықтар, мінез-құлық немесе эмоциялық бұзылыстар, ұзаққа созылған ауру, травматикалық жағдайлар немесе ерекше қабілеттерге байланысты болуы мүмкін.

Мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде және білім беру жүйесінің басқа мекемелерінде, оның ішінде кеңес беру орталықтарында барлық білім алушыларға және олардың ата-аналарына психологиялық және білім беру қолдауы ұсынылады.

Кеңес беру және көшбасшылық орталықтары (CGC) — бұл мектептерге кәсіби қолдау көрсететін білім беру мекемелері. Балалар, жастар, ата-аналар және мұғалімдер CGC қызметтерін алады. Бұл орталықтар балалар мен жастарға диагноз қояды, білім алушылар мен ата-аналарға терапия жүргізеді

және педагогтерге проблемаларды шешуге көмектеседі. CGC сонымен қатар мектептер мен мекемелердің алдын-алу және тәрбиелік қолдау саласындағы қызметті жүзеге асырады. Бұл іс-шараларға келесілер кіреді:

- білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін анықтауда педагогтерге көмектесу;
- білім алушылардың білім беру және мінез-құлық мәселелерін шешуде педагогтерге қолдау көрсету;
- балалар мен жастардағы тәуелділіктер мен басқа да проблемалардың алдын алу бойынша іс-шаралар;
- балалар мен жастардың, ата-аналар мен педагогтердің психикалық денсаулығы жөнінде білім беру;
- педагогикалық мекемелермен және педагогикалық кітапханалармен ынтымақтастықта педагогтерге қолдау көрсету.

Мемлекеттік CGC жергілікті өзін-өзі басқарудың аудандық деңгейіне бағынады және жалпы субсидияның білім беру элементі арқылы субсидияланады [70].

Жоғарыда көптеген елдерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға, олардың ата-аналарына, педагогтеріне мектептен тыс көрсетілетін қолдау тәжірибелері келтірілген. Сонымен қатар тағы да бір қолдау түріне тоқталсақ – ол сынып жетекшілері бағытталған қолдау. Оларға көмекші қызметтер, негізінен медициналық қызметтер (медициналық қызметкерлер мен әртүрлі терапевттер арқылы) және әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ еріктілер ұйымдары кіреді. Көрсетілетін көмек көлемі әр елде түрліше көрсетіледі және қолдаудың көрсетілу дәрежесі де (білім беруден басқа) әртүрлі.

Келесі кестеде әртүрлі елдердегі педагогтерге білім беруде қолдау көрсетудің әртүрлі формалары туралы ақпарат жинақталған. Ақпарат негізгі сыныптарда қолдау көрсетуге жауапты кәсіби қызметтердің әртүрлі түрлерін, сондай-ақ қолдау мамандарымен байланысты әртүрлі ұйымдар мен мекемелерді қамтиды.


Елдердің тәжірибесі. Инклюзивтілік және педагогтерді қолдау [71]

	Ел	Мамандар мен қызметтердің түрлері
	Аустрия	Қолдауды негізінен арнайы мектептерден немесе сыртқы қызметтерден келген

		<p>оқытушы-мамандар көрсетеді. Олар сынып жетекшісін де, білім алушыны да қолдайды. Сынып жетекшілері мен оқытушы-мамандар командада жұмыс істейді, бірлесіп білім беру жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады. Сыртқы қызметтердің мамандары ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға уақытша тікелей қолдау ұсына алады.</p>
	<p>Бельгия</p>	<p>Қолдауды негізінен арнайы мектептер мен білім алушыларды бағдарлау орталықтарының мұғалім-мамандары көрсетеді. Олар сынып жетекшісіне ақпарат береді, консультациялар ұйымдастырады мен қолдау көрсетеді. Мектеп қызметкерлері ретінде жұмыс істейтін корректор мұғалімдерді табуға болады. Олар негізінен қысқа мерзімді қиындықтарға тап болған білім алушыларды қолдайды, бірақ қолдау, жұмыс әдістері мен білім беру бағдарламаларын үйлестіруге тырысып, сынып жетекшілері мен мектепке тікелей қолдау көрсетуде.</p>
	<p>Кипр</p>	<p>Қолдауды мектепке толық немесе ішінара бекітілген маман мұғалімдер, сондай-ақ әр мектепке белгілі бір уақытқа</p>

		<p>бөлінген логопедтер секілді мамандар қолдайды. Мектептен тыс жерлерде инспекторлар, арнайы білім беру қажеттіліктері бойынша үйлестірушілер, білім беру және психология мамандары немесе медициналық және әлеуметтік қызметтер секілді орталық қызметтер де қажетті қолдау көрсетеді.</p>
	<p>Чехия</p>	<p>Қолдау негізінен маман оқытушылармен немесе психологтар секілді басқа мамандармен қамтамасыз етіледі. Олар сынып жетекшілеріне, ата-аналарға кеңес береді және қолдау көрсетеді және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тікелей қолдау көрсетеді. Бұл мамандандырылған кеңес беру және әдістемелік орталықтар сынып жетекшісімен, ата-аналармен және білім алушымен тығыз ынтымақтастықта жеке оқыту жоспарын анықтауға, ұсынуға және қолдау көрсетуге жауап береді (баладағы бұзылыс пен белсенді қатысу деңгейіне сәйкес).</p>
	<p>Дания</p>	<p>Қолдауды негізінен мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін мұғалім-маман көрсетеді. Олар сынып ішінде</p>

		<p>сынып жетекшісімен толық емес негізде жұмыс істейді. Сыныптан тыс «топтық оқыту» - бұл білім алушы бірнеше пән бойынша тұрақты қолдауды қажет ететін тағы бір мүмкіндік. Жергілікті педагогикалық психологиялық қызметтер білім алушыға негізгі мектеппен тығыз ынтымақтастықта көрсетілетін қолдау түрін анықтауға, ұсынуға және сақтауға жауап береді.</p>
	<p>Англия және Уэльс</p>	<p>Барлық мектептерде арнайы білім беру қажеттіліктері үшін практика кодексінде (DfES, 2001) белгіленген кең міндеттері бар арнайы білім беру қажеттіліктері бойынша үйлестіруші болып тағайындалған қызметкер бар, оның ішінде: қолдауды бақылау, білім алушылардың үлгерімін бақылау, ата-аналармен және сыртқы мекемелермен өзара әрекеттесу және әріптестерін қолдау. Сондай-ақ, сыртқы агенттіктер-мамандандырылған қолдау қызметтері (білім беру және денсаулық сақтау басқармасынан), басқа мектептердегі әріптестер және LEA-ның басқа қызметкерлері қолдау көрсетеді. Перипатетикалық</p>

		<p>қызметкерлер мұғалімдермен тікелей білім алушылармен емес, мектеп ішінде оқытудың тәсілдері мен стратегияларын жасау үшін жұмыс істеуде.</p>
	<p>Финляндия</p>	<p>Қолдауды негізінен мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін мұғалім-маман көрсетеді. Кеңесші мұғалім, мектептің әлеуметтік қызметкері немесе мектеп медбикесі, жергілікті білім беру органдарына байланысты, жалпы мектепке, мұғалімге және/немесе білім алушыға қолдау көрсете алады. Негізгі мектепте іске асырылатын жеке білім беру бағдарламасын дайындау үшін білім алушылардың, олардың ата-аналарының, барлық мұғалімдердің және кез келген басқа да тартылған сарапшылардың қатысуымен білім алушылардың игілігін қамтамасыз ету жөніндегі топ құрылады. Сондай-ақ білім алушыларды қолдау тобы бар, оған барлық мамандар мен мектеп директоры сәтті білім алу мен прогресті қамтамасыз ету үшін кіреді.</p>
	<p>Франция</p>	<p>Қолдауды негізінен әртүрлі қызметтердің мамандары қамтамасыз етеді. Олар ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға қысқа мерзімді</p>

		<p>немесе ұзақ мерзімді негізде қолдау көрсетеді. Олар сонымен қатар сынып жетекшісі мен мектеп қызметкерлеріне көмектеседі. Арнайы қолдау желілерінің оқытушы-мамандары сонымен қатар оқуда уақытша немесе тұрақты қиындықтарға тап болған білім алушыларға қолдау көрсетеді.</p>
	<p>Германия</p>	<p>Қолдауды негізінен арнайы мектептің немесе әлеуметтік қызметтің маман мұғалімі көрсетеді. Қолдау әртүрлі және алдын алу шараларын, қарапайым мектептердегі бірлескен білім беру іс-шараларын, арнайы және қарапайым мектептер арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты және т.б. қамтиды. Бұл негізінен тілдік немесе мінез-құлық проблемаларына мамандандырылған педагогтер. Олар негізінен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес сынып ішінде немесе одан тыс білім алушылармен жұмыс істейді.</p>
	<p>Греция</p>	<p>Қолдауды негізінен арнайы мектептің мұғалім-маманы көрсетеді. Олардың міндеті – білім алушыға тікелей көмектесу, педагогке әртүрлі</p>

		оқу материалдарымен көмектесу және оқу бағдарламасын саралау – басқа білім алушыларды хабардар ету және мектеп пен отбасы арасындағы жақсы ынтымақтастықты қамтамасыз ету.
	Исландия	Негізінен мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін түзету мұғалімі қолдау көрсетеді. Қолдаудың басқа түрлерін мамандандырылған мұғалімдер, психологтар немесе жергілікті басқармалардың басқа мамандары ұсынады. Олар оқу бағдарламасы және негізгі пәндерді оқыту бойынша жалпы ұсынымдар береді; білім алушыларға арналған ұсыныстар және психологиялық кеңестер береді. Олардың мақсаты – педагогтер мен оқу меңгерушілерін күнделікті мектеп жұмысында және мектепті жетілдіруде қолдау көрсету.
	Ирландия	Қолдауды мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін маман немесе оқытушы көрсете алады. Олар оқу қабілеті зақымдалған білім алушылармен айналысады. Мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін түзету мұғалімі



		<p>де қолдау көрсете алады. Олардың негізгі мақсаты – оқуда және математикада қиындық көретін білім алушылармен жұмыс істеу. Барлық бастауыш және одан кейінгі мектептерде осындай мұғалім бар. Қолдаудың тағы бір түрі – шақырылған мұғалімдер қызметінен (білім департаменті) шақырылған мұғалім. Олар сынып ішінде де, одан тыс жерлерде де жеке білім алушылармен жұмыс істейді және мұғалімдерге оқыту тәсілдері, әдіснамасы, бағдарламалары мен ресурстары туралы кеңес береді. Олар сондай-ақ ата-аналарға қолдау көрсетеді. Білім және ғылым департаментінің психологиялық қызметі эмоциялық және мінез-құлық проблемалары мен оқудағы қиындықтары бар білім алушыларға баса назар аудара отырып, жалпы білім беретін мектептер үшін бағалау және кеңес беру қызметтерін ұсынады.</p>
	<p>Италия</p>	<p>Қолдауды негізінен мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін мұғалім-маман көрсетеді. Олар ата-аналарының рұқсатын алғаннан кейін негізгі мектепте қолдау көрсететін сынып</p>


		жетекшілері ретінде әрекет етеді. Қолдау мұғалімдері сынып жетекшісімен барлық білім алушылармен жасалатын жұмыс үшін жауапкершілікті бөліседі. Жеке білім беру жоспарын жүзеге асыру олардың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Олар сонымен қатар білім алушыларды сыныпта қолдайды; мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды сабақ уақытында аса қажеттілік болмаған жағдайда бөлуге болмайды.
	Лихтенштейн	Қолдауды негізінен арнайы мектептің мұғалім-маманы көрсетеді. Олар негізінен білім алушыларға, сонымен қатар мұғалімдер мен ата-аналарға қолдау көрсетеді.
	Литва	Қолдауды негізінен маман мұғалімдер, мектеп психологтары, логопедтер, арнайы мектептерден немесе педагогикалық психологиялық қызметтерден келген әлеуметтік тәрбиешілер көрсетеді. Оқытушы-мамандар сынып жетекшілеріне ақпараттық және практикалық қолдау көрсетеді: жеке білім беру бағдарламасын әзірлейді, оқу материалдарын таңдайды және т.б. сондай-ақ мектеп қызметкерлері ретінде жұмыс

		<p>істейтін түзету мұғалімі, логопедтер, мектеп психологтары да қолдау көрсете алады. Бұл мамандар негізінен ірі қалалардағы немесе елді мекендердегі қарапайым мектептерде қолжетімді; ауылдық жерлерде әлі де мамандар тапшылығы сезілуде. Жергілікті немесе ұлттық деңгейдегі педагогикалық психологиялық қызметтер білім алушыларды бағалауды және ерекше ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту бойынша басшылықты қамтамасыз етеді.</p>
	<p>Люксембург</p>	<p>Қолдауды негізінен амбулаториялық оңалту бөлімінің қолдау мамандары көрсетеді. Олар білім беру және оңалту саласындағы мамандар және сынып жетекшілерімен білім алушыларды тікелей қолдауға қатысты міндеттерді бөліседі. Сынып жетекшілері әрдайым сабақтарды ұйымдастыруға жауап береді.</p>
	<p>Нидерланды</p>	<p>Қолдауды негізінен арнайы мектептің көмекші мұғалімі көрсетеді. Олар сынып жетекшілерімен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, қосымша материалдар дайындау және ұсыну, білім алушылармен жеке жұмыс</p>

		және ата-аналармен байланыс жасау бойынша жұмыс істейді. Қолдау инклюзивті білім беру тәжірибесі бар жалпы білім беретін мектептер арқылы да көрсетілуі мүмкін. Қолдау мұғалімдерге ақпарат беруге, бағалауға және оқу материалдарын ұсынуға бағытталған. Көмекші мұғалім білім алушыға тікелей көмек және қолдау көрсететін негізгі мектеп мұғалімдерінің бірі бола алады.
	Норвегия	Қолдауды негізінен мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін мұғалім-маман көрсетеді. Олар сынып жетекшісімен толық емес күнде жұмыс істейді. Сыныптағы көмекші де қолдау көрсете алады. Олардың үшеуі арасында тығыз ынтымақтастық бар. Жергілікті білім беру психологиялық қызметтері мектеп пен ата-аналарға білім алушыға қажетті білім беру мазмұны мен ұйымдары туралы кеңес береді. Бұлар негізінен мұғалімдерге күнделікті жұмыс мәселелері бойынша кеңес беруге жауапты адамдар.
	Польша	Мүгедек білім алушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер ұлттық психологиялық-

		<p>педагогикалық қолдау орталығынан немесе аймақтық оқу-әдістемелік орталықтардан қолдауға ие. Бұл орталықтар мұғалімдерге арналған оқу курстарын ұйымдастырады. Жалпы білім беретін мектептер, мысалы, түзету сабақтарын ұйымдастыра отырып, білім алушыларға, ата-аналар мен мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі керек.</p>
	<p>Португалия</p>	<p>Қолдауды негізінен жергілікті қолдау топтарынан немесе ішкі мектеп қызметкерлерінен келген мамандар немесе басқа мамандар қамтамасыз етеді. Ұлттық саясат екінші жағдайға басымдық береді. Мақсат – сынып жетекшілеріне ұсыныстар беретін үйлестірілген командаларды құру. Олар қажетті білім беру қолдауын ұйымдастыру үшін бас мұғаліммен және мектеппен бірлесіп жұмыс істейді; олар оқу бағдарламасын икемді түрде қайта құру үшін сынып жетекшілерімен ынтымақтасады; білім беру әдістері мен стратегияларын саралауға ықпал етеді; мұғалімдер мен білім алушыларды қолдау және білім</p>

		беру инновацияларына үлес қосу.
	Испания	Қолдау негізінен мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін қолдау жөніндегі маман-оқытушымен көрсетіледі. Олар бастауыш және орта мектептерде жұмыс істейді және білім алушымен және педагогпен бірге маңызды рөл атқарады, оқу бағдарламасын саралауды және оны жүзеге асыруды бірлесіп жоспарлайды. Олар сонымен қатар отбасыларды қолдайды және басқа мамандармен бірлесіп жұмыс істейді. Қолдаудың тағы бір түрі – барлық бастауыш мектептерде оқытуды қолдайтын корректор-мұғалім. Жергілікті психологиялық-педагогикалық қолдау топтары да қолдау көрсете алады. Олар білім алушыларды бағалауға жауап береді, педагогтер мен мектеп қызметкерлеріне қабылданатын шаралар туралы кеңес береді, білім алушылардың жетістіктерін бақылайды және отбасыларды тартады.
	Швеция	Қолдауды негізінен мектеп қызметкері ретінде жұмыс істейтін педагог-маман көрсетеді. Басқармалар мектептерге қолдау көрсетуге

		және қаржыландыруға жауап береді. Қажет болса, Швецияның ерекше қажеттіліктері бар білім беру институты арқылы муниципалитеттерде білімді қалыптастыруға ұлттық деңгейде қолдау көрсетілуі мүмкін.
	Швейцария	Қолдау негізінен көмекші мұғалімдермен, маман мұғалімдермен немесе арнайы мектептерден немесе жалпы білім беретін мектептерден келген мамандармен көрсетіледі. Олар ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен олардың мұғалімдеріне қолдау көрсетеді.

3. «Балабақша-мектеп-колледж-ЖОО» моделі негізінде білім берудің барлық деңгейлерінде сабақтастық және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Білім беру жүйесінің барлық компоненттерінің (білім беру мен оқытуды ұйымдастырудың мақсаттары, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, нысандары) дәйектілігін қамтамасыз ету шарттарының бірі оқытудың әрбір сатысында сабақтастықты қамтамасыз ету болып табылады. Сабақтастық инклюзивті білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының негізгі шарты болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесінің барлық компоненттерінің дәйектілігіне қол жеткізу оның басымдықтарын бөлуді көздейді. Инклюзивті білім берудің басымдықтарына әр оқушының психологиялық жайлылығы мен психологиялық қауіпсіздігіне жағдай жасау жатады; жеке тұлғаны дамытудың әлеуметтік жағдайын құру; барлық балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың максималды кепілдігі; әртүрлілікті құндылық ретінде қабылдау және жеке оқыту бағдарламаларын енгізу, балалармен жұмыс істеу тәсілдерін даралау арқылы осы әртүрлілікті ескеруге дайын болу. Мектепке дейінгі, мектеп, техникалық және кәсіптік, жоғары білім берудің сабақтастығы қағидатын ескерусіз ұйымдар қызметінде білім беру инклюзиясының басымдықтарын толыққанды іске асыру мүмкін емес

Балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі сабақтастық принципін жүтінудің құндылығы адамның әлемді сезімдік және логикалық, ұтымды және иррационалды, саналы және бейсаналық танымының өзара байланысына байланысты. Оқытуды ұйымдастырудағы сабақтастық принципі өтпелі кезеңнің күрделілік деңгейін төмендетеді, білім алушылардың білім берудің бір сатысынан екінші сатысына өту кезінде білім беру жағдайының өзгеруіне тиімді бейімделуіне жағдай жасайды. Инклюзивті білім берудің жүйелі ұйымдастырушылық қағидаты ретіндегі сабақтастық психофизикалық дамуында айырмашылықтары бар балаларды (жасөспірімдерді, жастарды) білім беру процесіне қосудың өзгермелі жағдайларын жасауға бағытталған. Білім беру ұйымдарының тәрбие мен оқытудағы сабақтастыққа бағдарлануы баланың білім беру ортасына бейімделу процесін, оның ішінде оны білім беру ұйымының бір түрінен екінші түріне (мысалы, арнайы білім беру ұйымынан жалпы білім беретін мектепке) ауыстыру кезінде оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Педагогика ғылымындағы инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы сабақтастық тәсілінің даму тарихын талдау әртүрлі аспектілерде сабақтастық идеясы классикалық педагогикада (Я.А. Коменский, А. Дистервег, И.Г. Песталоцций т. б.), бірқатар ғалымдардың еңбектерінде (Ю.К. Бабанский С.Я. Батышев, В.И. Загвязинский, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, М.Н. Скаткин және

т.б.). Мектепке дейінгі – бастауыш – негізгі – орта білім берудің сабақтас жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы үздіксіз сүйемелдеу жүйесін ұйымдастыруда Л.В. Байбородова, Н.Г. Битянова, О.С. Газман, И.В. Дубровина, Н.В. Ключева және т. б. еңбектерінде ұсынылған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу идеялары өзектендіріледі. Білім беру қажеттіліктері – баланың танымдық іс-әрекетіндегі қиындықтарды жеңуге көмек ұйымдастыру. Педагог жұмысының міндеттеріне мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын игеру кезеңінде де, оқытудың келесі кезеңдерінде де білім беру процесін ұйымдастыруда кездесетін өзекті қайшылықтарды шешу жолдарын іздеу жатады. Сонымен қатар ерте және мектепке дейінгі балалық шақтағы бастапқы қайшылықтарды анықтаудың сәттілігі мен уақытылы болуы адам өмірінің келесі кезеңдерінде бейімделу кедергілерін төмендетудің кепілі бола алады.

Баланың субъективтілігін қалыптастырудағы педагогикалық іс-әрекеттердің сабақтастығы, оны білім беру процесіне қосудың алғашқы сәттерінен бастап, инклюзивті білім беру моделіне көшу шарттарының бірі болып табылады. Білім берудегі инклюзия балалардың жеке ерекшеліктеріне қарамастан білім беру қызметіне қатысуының тең құқығына бағытталған. Біртұтас білім беру кеңістігіне енгізілген әртүрлі балалардың танымдық іс-әрекетінің субъективтілігіне назар аудару психологиялық-педагогикалық зерттеулердің теориялық ережелерін түсінуді қамтиды (В.В. Давыдов, В.Н. Мясищев, В.И. Слободчикова, Н.К. Сергеев және т. б.).

Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін дамыту перспективалары балабақша тәрбиеленушілерін, мектеп оқушыларын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін жалпы білім беру ортасына енгізудің сабақтастығы, білім беру практикасының сабақтастығы жағдайларын қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Қазіргі уақытта ҚР Оқу-ағарту министрлігі инклюзивті білім беруді іске асырудың бірыңғай тәсілін және бесіктен бастап мамандық алғанға дейін ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру бағытын үздіксіз қолдаудың ұлттық моделін әзірлеуде.

Осылайша, білім беру жүйесінің барлық ресурстары іске асыруға бағытталған негізгі идеялардың бірі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерте жастан бастап кәсіп пен жұмысқа орналасуға дейін сапалы үздіксіз білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

Инклюзивті білім беруде үздіксіз білім беру вертикалінің моделі сабақтастық пен қолжетімділікті ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін баланы оқыту бағытын құру схемасын қамтиды:

а) мектепке дейінгі білім беру ұйымы;

- б) жалпы білім беретін мектеп;
- в) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары;
- г) жоғары оқу орны;
- д) қосымша білім беру ұйымдары;
- е) басқа да мүдделі ұйымдар

Сабақтастық принципі мыналарды қамтиды:

- баланың дамуының әртүрлі кезеңдері арасындағы байланыс, оның мәні жаңа күйге көшу кезінде бүтіннің белгілі бір элементтерін сақтау болып табылады;

- бала дамуының сабақтас кезеңдерінде бірыңғай үздіксіз білім беру процесін құру мақсатында оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің, мазмұнының, әдістерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін байланыстар жүйесі;

– негізгі идеяның барлық сатыларына ортақ білім беру мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін, ұйымдастырушылық нысандарын, нәтижелілікті анықтау әдістемесін қабылдау [72].

Халықаралық және өңірлік тәжірибені зерделеу және жинақтау негізінде білім берудің барлық деңгейлерінде сабақтастық пен инклюзивтілік қағидаттарын іске асыруға педагогтерге көмектесу үшін осы бөлімде мектепке дейінгі балалармен, мектеп оқушыларымен, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жұмыс істеу үшін ұсынымдар мен практикалық материалдар ұсынылған.

«Балабақша-мектеп-колледж-ЖОО» моделі негізінде білім берудің барлық деңгейлерінде сабақтастық және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Сабақтастық пен инклюзивтілік принциптері барлық білім алушылар үшін, соның ішінде оқытуда ерекшеліктері бар адамдар үшін сапалы білім беруде маңызды рөл атқарады. білім берудің барлық деңгейлерінде осы принциптерді іске асыру бойынша бірнеше әдістемелік ұсыныстарды ұсынамыз:

Сабақтастық принципі

1. Мониторинг және бағалау жүйесі:

- Білім деңгейлері арасында ауысу кезінде білім алушылардың үлгерімін бақылау үшін мониторинг жүйесін әзірлеу.

- Оқу үлгерімі мен дамуын үздіксіз бағалауды қамтамасыз ететін бағалау тетіктерін енгізу.

2. Педагогтердің кәсіби дамуы:

- Мұғалімдерге білім берудегі сабақтастық принциптері бойынша оқытуды ұйымдастыру.

